

Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдарын есепке алуды, пайдалануды және сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2024 жылғы 14 наурыздағы № 93 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 60-11) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау құралдарын есепке алуды, пайдалануды және сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мыналарды қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін " Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр генерал-майор

Ч. Аринов

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2024 жылғы 14 наурыздағы
№ 93 бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс құралдарын есепке алуды, пайдалануды және сақтауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16 тармағының 60-11 тармақшасы негізінде әзірленді және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – ТЖМ) азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде (бұдан әрі – әскери бөлімдер) радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс құралдарын есепке алуды, пайдалануды және сақтауды ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықта келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс құралдары (бұдан әрі – РХБ қорғаныс құралдары) – бұл РХБ қорғанысты және РХБ қорғаныстың қызметтік әрекетінің техникалық қамтамасыз етілуіне (құралдар, аппараттар, жүйелер, кешендер, үлгілер), осы құралдардың сынағын бақылауға арналған аппаратуралар мен жеке құрамды оқытуға арналған құралдар, сондай-ақ осы құралдардың құрамына кіретін құрамдас бөліктері мен жабдықтаушы өнімдер;

2) РХБ қорғаныс құралдарын сақтау – олардың мақсаты бойынша қолданылуына дейін бүтіндігін қамтамасыз етуді қарастыратын осы Нұсқаулық негізінде олардың орналасу орындарындағы РХБ қорғаныс құралдарын күтіп ұстау;

3) РХБ қорғаныс құралдарын сақтау орны – қоймалардың барлық түрлері, сарайлар және ашық алаңдар;

4) РХБ қорғаныс құралдарының кепілдік мерзімі – жеткізу кезіндегі РХБ құралдарын сақтау мен тасымалдаудың жалпы күнтізбелік ұзақтығы (өндіруші зауыттың консервациялауы, қаптауы) және өндіруші зауыт РХБ қорғаныс құралдары сапасының және белгіленген талаптарға сәйкестігіне кепілдік беретін тікелей қолдану мерзімі;

5) РХБ қорғаныс құралдарын сақтаудың кепілдік мерзімі – жеткізу кезіндегі РХБ құралдарын сақтау мен тасымалдаудың ұзақтығы (өндіруші зауыттың консервациялауы, қаптауы) және өндіруші зауыт РХБ қорғаныс құралдары сапасының және белгіленген талаптарға сәйкестігіне кепілдік беретін тікелей қолдану мерзімі;

6) РХБ қорғаныс құралдарын сақтаудың белгіленген мерзімі – оның техникалық жай-күйіне қарамастан объектінің белгіленген межеге жеткендегі сақталуы тоқтатылуы тиіс сақтаудың күнтізбелік ұзақтығы;

7) РХБ қорғаныс құралдары жарамдылығының кепілдік мерзімі – РХБ қорғаныс құралдары үлгісінің мақсаты бойынша қолданылуы мерзіміне өндіруші зауыт өнім сапасының белгіленген талаптарға сәйкестігіне кепілдік беретін және қолданылуын шектейтін күнтізбелік мерзім;

8) РХБ қорғаныс құралдарын пайдалануға беру – пайдалануға беру кезеңдерінің жиынтығы болып табылатын өндіруші зауыттан, базадан (қоймадан) немесе жөндеу мекемесінен әскери бөлімнің өнімдерді жұмыс қалпында қабылдап алу сәтінен басталатын кезеңі;

9) РХБ қорғаныс құралдарын пайдалануға беру – белгіленген талаптар негізінде өндірушіден немесе жөндеуден кейін түскен өнімді әскери бөлімнің қабылдау және бақылау, сондай-ақ ол бұйымды бөліністерге, лауазымды тұлғаға немесе лауазымды тұлғаларға бекіту талаптарынан тұратын дайындық жұмыстарының жиынтық кезеңі;

10) РХБ қорғаныс құралдарын мақсаты бойынша пайдалану – оның қызметтік қолдану мақсатына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарының жұмыс істеу мерзіміндегі пайдалану кезеңі;

11) РХБ қорғаныс құралдарының техникалық жай-күйін бақылау – өнімнің техникалық жай-күйін сипаттайтын және оның техникалық жағдайдағы бұрынырақ белгіленген талаптарға, пайдалану және жөндеу құжаттамаларына, сондай-ақ өнімнің жай-күйінің түрін айқындайтын сәйкестігіне салыстырудың техникалық жай-күйін сипаттайтын, сонымен қатар өнімнің параметрлерінің нақты айқындайтын мағынасы туралы ақпаратты алуға арналған техникалық бақылау;

12) формуляр – өндірушінің кепілдігін қанағаттандыратын мәліметтерді, өнімнің негізгі параметрлері мен сипаттамаларын (құрамын), өнімнің техникалық жай-күйін белгілейтін, өнімнің сертификациясы мен кәдеге жарату туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның пайдалану кезеңінде енгізілетін мәліметтерді (жұмыс жағдайы мен ұзақтығы, техникалық қызмет көрсету, жөндеу) қамтитын құжат;

13) РХБ қорғаныс құралдарының ағымдағы жөндеу жұмыстары – өнімнің жұмыс қабілетін кепілді қамтамасыз етуге арналған және оның жеке бөлшектерін қайта қалпына келтіру мен дұрыстау және ауыстыруға жататын пайдалану процесін жүзеге асыратын жөндеу жұмыстары;

14) РХБ қорғаныс құралдарының орташа жөндеу жұмыстары – өнімнің ресурстарын нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген көлемде орындалатын шектеулі номенклатура бойынша ішінара қалпына келтіру және ақауларын қалыпқа келтіру, сондай-ақ құрама бөлшектерін ауыстыру немесе қалыпқа келтіру жұмыстары;

15) РХБ қорғаныс құралдарының күрделі жөндеу жұмыстары – өнімнің ресурстарын ауыстыру немесе оның базалық бөліктерін қоса алғанда кез келген бөлшектерін қалыпқа келтіру арқылы ақауларын толық немесе толықтай қалыпқа келтіру мақсатында жүзеге асырылатын жөндеу жұмыстары;

16) РХБ қорғаныс құралдарының регламенттелген жөндеу жұмыстары – шектеулі шығынмен пайдалану кезіндегі қол сұғылмайтын қорларда және ағымдағы қамтамасыз ету қорларында ұзақ уақыт сақтауда тұрған ресурстарды және арнайы көліктердің тиімділігін толық және толықтай қалпына келтіру жұмыстары. Регламенттелген жөндеу жұмыстарын орындау тәртібі және техникалық жай-күйіне қарамастан түрде ауыстыруға жататын бөлшектер тізімі нақты көліктерді регламенттелген жөндеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі нұсқаулармен және басқа да құжаттармен айқындалады

17) агрегат – түрлі мақсаттағы өнімдердің белгіленген қызметті дербес атқару және тәуелсіз жинақтау, сондай-ақ өзара толық ауыстыру қасиеттері бар құрылмалы қондырғы;

18) техникалық қызмет көрсету түрлері – өнімнің ақауларын ескертуге арналған, оларды орындау реттілігі мен бірізділік сипаттарымен біріктірілетін жұмыстар жиынтығы;

19) қосалқы құралдары мен жабдықтар жиынтығы – мақсаты мен қолдану ерекшеліктеріне байланысты жинақталған, өнімдерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті қосалқы бөлшектер, аспаптар, материалдар және басқа да мүліктер;

20) РХБ қорғаныс құралдарының санаттары – олардың техникалық және сапалы жай-күйіне байланысты, сондай-ақ ағымдағы немесе басқа да жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етуді белгілейтін шартты есептік сипаттамалары.

2 тарау. РХБ қорғау құралдарын есепке алу тәртібі

1 - параграф. Әскери бөлімдегі РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу

3. Әскери бөлімдерде пайдаланылатын РХБ қорғану құралдарының барлық түрлері есепке алуға, тікелей мақсаты бойынша пайдалануға, үнемді және заңды жұмсауға жатады. РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу уақтылы, толық, анық және нақты жүзеге асырылады.

4. Әскери бөлімдерде РХБ қорғаныс құралдарының есебі оның қоймадағы жеке түгелдігін және әр бөліністердегі жеке түгелдігін жазу арқылы жалпы әскери бөлім үшін РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігі мен қозғалысын есепке алу кітабы бойынша есепке алынады.

5. РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу келесі мақсатта жүзеге асырылады:

1) лауазымды тұлғаларды және әскери басқару органдарын РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігі, қозғалысы және сапалы (техникалық) жай-күйі туралы шынайы мәліметтермен қамсыздандыру;

2) РХБ қорғаныс құралдарын ұқыпты ұстаудың, заңдылығының, оны қолданудың (тұтынудың) тиімділігі мен мақсатқа сәйкестігін бақылау;

3) есеп құжаттарын жасау үшін бастапқы мәліметтерді дайындау.

6. РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу РХБ қорғаныс құралдарының сапалы жай-күйін өзгерту мен оның қозғалысына байланысты барлық операцияларды (ақпаратты электронды түрде тасымалдағышта) есепке алу кітабында (карточкаларда) уақтылы және дұрыс жазба жазу арқылы жүзеге асыру мен белгіленген құжаттарды ресімдеу арқылы жасалады.

7. РХБ қорғаныстың барлық құралдары оның мақсаты, түсу көздері мен алу әдістеріне қарамастан есепке алуға жатады. Броньды объектілерде және әскери техникада орнатылған РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу жеке жүргізіледі.

8. РХБ қорғаныс құралдарының сапалы (техникалық) жай-күйі санаты бойынша есепке алынады. РХБ қорғаныс құралдарының есебін ұйымдастыру мен жүргізу Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 05 шілдедегі № 367 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Ішкі қызмет жарғысының талаптары негізінде лауазымды тұлғаларға жүктеледі.

9. РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігі мен қозғалысы кітабында және РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу карточкаларында есепке алу номенклатуралар, үлгілер, түрлері мен бағалы көрсеткіштері бойынша жүргізіледі. РХБ қорғаныс құралдарының әр номенклатурасына есепке алу кітаптарында жеке баған бөлінеді.

10. Уәкілетті лауазымды тұлғалармен қол қойылмаған, есепке алу кітабында тіркелмеген және мөрі жоқ құжаттармен РХБ қорғаныс құралдарының сапалы (техникалық) жай-күйі мен оның қозғалысына байланысты операцияларды жүргізуге жол берілмейді.

11. Әскери бөлімдердегі есепке алу құжаттары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген осы Нұсқаулықта, бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен қосымшалар бойынша ресімделеді және жүргізіледі. Белгіленбеген нысандағы есепке алу құжаттарын жүргізуге жол берілмейді.

12. РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігі мен қозғалысын есепке алу кітабы осы Нұсқаулықтың 1 қосымшасына сәйкес, сонымен қатар РХБ қорғаныс құралдарының есептік құжаттарын тіркеу кітабы осы Нұсқаулықтың 2 қосымшасына сәйкес нөмірленеді, тігіледі, мөрмен бекітіледі және құпия емес іс-жүргізуде тіркеледі.

13. Есепке алу карточкалары РХБ қорғаныс қызметі бастығының қолымен расталады және мөрмен бекітіледі. Есепке алу кітаптары мен карточкаларында және басқа да есепке алу құжаттарында әскери бөлімнің шартты атауы көрсетіледі.

14. Кітаптардың мазмұнында әрбір материалдық құралдардың атауы және оның парақтарының нөмірлері жазылады.

15. Есепке алу кітаптарында қорғау РХБ құралдарының атауының әрбір нысанасы үшін қызмет бойынша материалдық құралдардың белгіленген номенклатурасына сәйкес келетін реттілікпен бір немесе бірнеше бет бөлінеді.

16. Материалдық құралдардың қалдықтары туралы алғашқы жазбалар бұрынғы есепке алу кітаптары мен карточкаларының мәліметтері, сонымен қатар материалдық құралдардың түгелдігін тексеру жөніндегі актілері мен түгендеу тізімдері (ведомосттері) негізінде жүргізіледі. Есепке алу кітаптарында (карточкаларда) келесі

жазбалар материалдық құралдарды беруге (тапсыруға, есептен шығаруға) ресімделген құжаттарды өткізу негізінде жүргізіледі.

17. Материалдық құралдардың қалдықтары туралы кітаптарда (есепке алу карточкаларында) жүргізілген барлық жазбалар әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінде қызмет бастығының және есепке алуға жауапты тұлғаның, ал қоймалар мен шеберханаларда есептілігіне жауапты тұлғаның қолымен расталады.

18. Есепке алу кітаптары мен карточкалары олардың толық қолданылуына дейін жүргізіледі және ары қарай қолданылған кітаптардағы (есепке алу карточкаларындағы) мәліметтер жаңадан жүргізілген кітаптарға (карточкаларға) көшіріледі.

19. Кіріс және шығыс құжаттарында барлық материалдық құралдары көрсетілгеннен соң "қорытынды атауы" жазылады және жазбаша түрде оның саны мен жалпы сомасы көрсетіледі, ал заттардың жазбасынан кейінгі қалған жолдар түрде иректі жолақтармен сызып тасталады.

20. Есептік құжаттарда тіркеу кітабында тіркелмеген құжаттар бойынша материалдық құралдарды беруге немесе қабылдауға жол берілмейді.

21. Кіріс немесе шығыс құжаты егер онда материалдық құралдардың шығысы толық немесе ішінара жүргізілген болса, алайда қаржы қызметінің материалдық үстелінің есебі бойынша жүргізілген және шығысқа арналған санынан аспаса орындалған деп есептеледі. Егер құжат бірнеше беттерден тұратын болса, онда ол құжаттың әр бетінде көрсетіледі. Негізгі құжатқа қосымшасы бар болса, оның барлық беттеріне нөмір қойылады.

22. Материалдық құралдарды беру немесе қабылдау берген және алған тұлғаның қолымен расталады, құжатқа қол қойылмай жарамсыз болып саналады.

23. Материалдық құралдардың есептік мәліметтерін слаыстыру уақыты туралы жазба есепке алу кітабының соңындағы бөлінген беттерде және карточкаларда жүргізіледі, сонымен қатар салыстыруды жүргізген тұлғалардың қолдарымен расталады.

24. Кіріс және шығыс операцияларының жазбалары туралы есепке алу кітаптары мен карточкаларында және құжаттарда (әрбір атауы бойынша) есепке алу кітабының (карточкасының) нөмірі мен парағын көрсету арқылы жазба жазылғаны туралы белгі қойылады.

25. Орындалған және ресімделген құжаттар тиісті істерге тігіледі. Кітаптар, карточкалар және басқа да құжаттар РХБ қорғау қызметінің іс қағаздарында ресімделеді және сақталады.

26. Әскери бөлімнің материалдық, техникалық және басқа да қамтамасыз ету түрлері бойынша есептері есептілік табелімен белгіленген мерзімде және көлемде ТЖМ-ге ұсынылады. Есептік мәліметтерге өзгерістер енгізу белгіленген нысандағы есеп-өтінімдері және құжаттар көшірмелері (есептен шығару актілері, техникалық жай-күйінің актілері, жүкқұжаттары) негізінде жүргізіледі.

27. РХБ қорғаныс қызметінде жасалатын РХБ қорғаныс құралдарының алғашқы құжаттары есепке алу құжатында тіркеледі және тіркеудің реттік нөмірі құжаттың нөмірі болып табылады. Егер құжат бірнеше беттерден тұратын болса, онда ол құжаттың әр бетінде көрсетіледі. Негізгі құжатқа қосымшасы бар болған жағдайда оның барлық беттерінде нөмір қойылады.

28. Есептік құжаттар анық, түзетулерсіз және өшірусіз жасалады. Жазбаларды жазу кезінде кеткен қателерді дұрыстау үшін қате сандар мен сөздер оқитындай болып сызылып тасталады. ал олардың үстіне дұрыс сандар мен сөздер жазылады. Енгізілген түзетулер құжаттың сол парағының бос орнында: "Түзету (түзету көрсетіледі) расталсын" деп жазылады және орындаушының немесе сәйкесті бастықтың қолымен расталады.

29. Егер де түзетусіз қате жазба тек сызылып тасталғанда, сызып тасталынған қате: "Сызып тасталған ____ (сандар немесе сөздер көрсетіледі) есептелмесін" деп жазылады және орындаушының немесе сәйкесті бастықтың қолымен расталады.

30. Жүкқұжаттағы, актідегі түзетулер туралы лауазымды тұлғаның қолы әскери бөлімнің мөрімен бекітіледі.

31. Материалдық құралдарды қабылдау әскери бөлімдерде мемлекеттік, бюджеттік мекемелер (әскери мекемелер) үшін жеткізу (сатып алу) шартының талаптарымен бекітілген тәртіпте жүргізіледі.

32. Материалдық құралдарды қабылдау немесе олардың тапсырылуы бухгалтерлік есеп нысанының жинағына сәйкес белгіленген нысандағы қабылдау-тапсыру (орнын ауыстыру) актісімен ресімделеді.

33. Қабылдау-тапсыру актісін қабылдау комиссиясы қойма бастығының қатысуымен екі данада жасайды.

34. Егер қабылдау кезінде ілеспе құжаттардың деректерімен сандық немесе сапалық сәйкессіздіктер анықталса, онда қабылдау-тапсыру актісінде кемшіліктердің болуы және сәйкессіздік туралы ақпарат көрсетіледі, бұл жағдайда тауар қайтарылады.

35. Қабылдаушымен немесе тапсырушымен әскери бөлімнің қоймасына жеткізілген материалдық құралдарды сандық және сапалы қабылдау қабылдау комиссиясының қатысуымен, қойма бастығымен немесе өзге материалдық жауапты тұлғамен жүргізіледі.

36. Әскери бөлімдерде және бөліністерде жарты жылда бір рет әскери бөлімдердің қоймаларында және бөліністерінде РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігін, есепке алу жағдайын, сақтау тәртібі мен шарттарын тексеру (түгендеу) жүргізіледі.

Тексеру кезінде мыналар тексеріледі:

- 1) есепке алу жай-күйі және нақты түгелдігінің есептік деректерге сәйкес келуі;
- 2) РХБ қорғаныс құралдары үлгісінің ақаусыздығы, соның ішінде техникалық жай-күйін бақылау, қажетті құрал-жабдықтармен және қосалқы бөлшектермен жабдықталуы (бұдан әрі – ҚҚЖ);

3) техникалық қызмет көрсетудің уақтылы, толық, әрі сапалы жүргізілуі;

4) өлшеу құралдарын салыстырып тексеру және электр қондырғылары мен қазандықтарды тексеру объектілерін түсіру жазбаларының болуы;

5) толық жасаудың уақтылы, әрі сапалы жүргізілуі;

6) формулярлардың уақтылы толтырылуы мен оның жай-күйі мен уақтылылығы, кезекті жөндеу жұмыстарына дейінгі қорлар мен қорлардағы запастардың дұрыс шығындалуы;

7) жеке құрамның РХБ қорғаныс құралдары үлгісінің құрылғыларын пайдалану және оларды мақсаты бойынша қолдану дайындығының ережесін білуі;

8) РХБ қорғаныс құралдарын сақтауды ұйымдастыру (соның ішінде сақтау жағдайлары, сақтау орындарының жай-күйі, найзағайдан қорғау, өрт сөндіру және дабыл беру жүйелері).

37. Әскери бөлімдер мен бөліністердегі түгендеуді (тексеруді) сәйкесті командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарымен жеке құрам есебінен кемінде үш адам санында тағайындалған, оның ішінде РХБ қорғаныс құралдарының номенклатурасын, РХБ қорғаныс құралдарын беру, сақтау мен есепке алу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша нормативтік құжаттар талаптарын білетін бас бухгалтер мен РХБ қорғаныс қызметінің мамандары болуы тиіс.

38. Ішкі тексеру комиссиясының төрағасы болып әскери бөлім командирінің орынбасарынан төмен емес офицер тағайындалады.

Сондай-ақ мыналар тексеріледі:

1) РХБ қорғаныс құралдарының есебін жүргізу, олардың түгелдігі мен сақтау жағдайлары;

2) бөліністердегі, қоймадағы, РХБ қорғаныс қызметіндегі және жөндеу шеберханасындағы тапсыру мен қабылдау тәртібі, түгелдігі мен құжаттамын жүргізу реті;

3) қоймада жұмыс істеу үшін жеке құрамды өткізу тәртібі, жеке құрамды өткізуге рұқсат ету туралы әскери бөлім командирі бұйрығының үзіндісі;

4) лауазымды тұлғалардың қызметтік міндеттеріне сәйкес РХБ қорғаныс құралдарын тексеру мерзімі;

5) күзеттің техникалық және өртке қарсы құралдарының жай-күйі;

6) қойманы ашу (тапсыру) тәртібі және сақтау орындарын мөрлеу үшін лауазымды тұлғаларда мөрлерінің бар болуы;

7) қойма (сақтау орны) бастығының және ішкі тексеру комиссиясы төрағасының пломбирді қолдану және сақтау тәртібі;

8) қоймалар мен шеберханалардың қосалқы кілттерін дұрыс сақтау, жөндеу, сондай-ақ дұрыс сақтауды қамтамасыз етудің басқа да мәселелері және басқару құжаттарында белгіленген қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

39. Түгендеуге (тексеруге) дейін әскери бөлім командирі, штаб бастығы, бөлім командирінің техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары ішкі тексеру комиссиясының жеке құрамымен сабақтар өткізеді, сол жерде оларға алдағы тексерудің, іс қағаздарын жүргізу мәселелері бойынша басшылық құжаттардың, олардың болуы мен сақтау жағдайлары зерттеу бойынша, қауіпсіздік шаралары туралы, сондай-ақ алдыңғы тексерулер (түгендеу) есептерінің мақсаттары мен міндеттері түсіндіріледі.

Ішкі тексеру комиссиясының төрағасымен тексеру жоспары жасалады, ол әскери бөлім командирімен бекітіледі және онда түгендеудің басталу және аяқталу мерзімі белгіленеді.

40. Түгендеуді жүршізу кезеңінде комиссия төрағасы мен мүшелері тәуліктік нарядта қызмет атқарудан босатылады және оларды ауыстыруға жол берілмейді.

Сонымен қатар, РХБ қорғаныс құралдарына түгендеу жүргізіледі:

1) материалдық жауапты тұлғалардың істері мен лауазымдарын қабылдау (тапсыру) кезінде;

2) құндылықтарды ұрлау, сондай-ақ бүліну дерегі анықталған кезде;

3) өрт немесе дүлей зілзалалар және басқа да төтенше жағдайлар кезінде;

4) әскери бөлімді қайта құру, тарату, қайта бөлу, біріктіру немесе қосу кезінде.

41. Барлық жағдайларда түгендеу жұмыстары басталғанға дейін есептік деректерді түрде салыстырып тексеру жүргізіледі. Мүліктің нақты бар-жоғын тексеру материалдық жауапты тұлғалардың тікелей қатысуымен жүзеге асырылады. Әскери бөлімге, қоймаға, бөлініске түгендеу нәтижелері нақты бар-жоғы мен сапа жағдайы жеке актімен ресімделеді, оған тексеру жүргізген комиссияның төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ материалдық жауапты тұлға (бөлініс командирі) және қаржы қызметінің өкілі қол қояды. Есептер түгендеу есебіне қоса беріледі. Түгендеу актісін әскери бөлімнің командирі бекітеді.

42. Бекітілгеннен кейін түгендеу нәтижесі барлық номенклатуралар бойынша РХБ қорғаныс қызметінің кітаптары мен карточкаларына енгізіледі. Түгендеу жұмыстары аяқталғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей түгендеу жұмыстарының актісі әскери бөлімнің қаржы қызметіне өткізіледі және түгендеу бойынша барлық құжаттармен бірге әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің ісіне тігіледі.

43. ТЖМ басшылығының шешімі бойынша РХБ қорғаныс қызметінің әрекетінде теріс пайдалану белгілері немесе ірі кемшіліктер болған жағдайда, сондай-ақ басқа да қажетті жағдайларда түгендеу жоспардан тыс (кенеттен) жүргізілуі мүмкін.

44. Жоғары тұрған әскери басқару органының комиссиясымен түгендеу жүргізілген кезде түгендеу актісі нұсқау бойынша жүргізілген лауазымды тұлғаға бекітуге ұсынылады.

45. Жыл сайын өрт қауіптілігі кезеңінде арнайы тағайындалған комиссиялар өртке қарсы қызмет мамандарымен бірлесіп әскери бөлімдер қоймаларының өрт

қауіпсіздігінің жай-күйін тексереді, оның нәтижелері актілермен (нұсқамалармен) ресімделеді.

46. Бөліністер командирлері, қойма бастықтары және шеберхана бастықтары айына бір рет әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің және қаржы қызметінің есептік деректерімен салыстырып тексеруді жүргізеді. Салыстырып тексеру туралы белгі кітаптың соңында немесе қалдықтары шығарылу кезінде, оған бөлінген бағандарда жүргізіледі.

47. Рота командирінен және одан жоғары тұрған барлық лауазымды тұлғалар РХБ қорғаныс сақтау тәртібіне, оларды сақтау орындарының дұрыстығына бақылауды жүзеге асырады және ол әр сақтау орнына жеке жүргізіледі және тікелей сақтау орындарында сақталады. Ол жерлерге бару кезінде бұрын берілген нұсқаулардың орындалуы мен кемшіліктердің жойылуы тексеріледі.

48. РХБ қорғаныс құралдарының кірісі (шығысы) туралы нәтижелер бөліністер мен әскери бөлімдерде кітаптар мен есеп карточкаларында жарты жылға және бір жылға, сондай-ақ түгендеу кезінде жүргізіледі. Жартыжылдық қорытындылары түгендеу кезінде және басқа да қажетті жағдайларда бір қызыл сызықпен (жылдық қорытынды – екі қызыл жолақпен) сызылады, тікелей есеп жүргізетін тұлғаның және ішкі тексеру комиссиясы төрағасының қолдарымен расталады.

49. РХБ қорғаныс құралдарының жоғалуының әрбір дерегі бойынша әскери бөлім командирінің жазбаша бұйрығымен қызметтік тексеріс жүргізіледі.

50. Жоғалған РХБ қорғаныс құралдары Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері сәйкес, инспекторлық куәліктер негізінде әскери бөлімнің есебінен шығарылады.

51. Төтенше жағдайлар болған жағдайда әскери бөлім командирімен; апаттық оқиғалар болған жағдайда - бөлім командирімен тағайындалған комиссиямен; істен шығулар болған жағдайда – бөлініс командирімен тексеріс жүргізіледі. Тексеріс нәтижелері актімен ресімделеді. Актіні жасау кезінде келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) актіні жасау күні мен негізі;

2) лауазымдары, әскери шендері, аты-жөндері көрсетілген комиссияның құрамы және комиссия төрағасы мен мүшелерінің аты-жөндері, бұйрықтың нөмірі мен оны тағайындау күні;

3) үлгінің түрі, индексі, нөмірі және зақымдалған агрегаттар, тораптар, механизмдер мен жабдықтар, сынаманы пайдалану басталғаннан немесе соңғы күрделі жөндеуден кейінгі жұмыс уақыты туралы деректер, үлгі санаты.

4) взвод командирінің (бөлімше командирінің, есептоп бастығының) әскери шені, тегі мен аты-жөні, экипажға немесе бөлімшеге осы үлгіні беру туралы бұйрықтың нөмірі мен күні;

5) қашан, қандай жағдайларда зақым келтірілгендігі;

- 6) келтірілген зақымның сипаты және оны қалпына келтіруге қажетті жұмыс көлемі ;
- 7) келтірілген зақымның себептері және кінәлі тұлғалар;
- 8) жәбірленушілер және олардың жағдайы;
- 9) комиссияның қорытындылары.

52. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды және тексерісті тағайындаған командир бекітеді. Сонымен қатар комиссиямен бір уақытта техникалық жай-күйінің үлгісі туралы акт жасалады, соның негізінде РХБ қорғаныс құралдары жөндеуге жіберіледі немесе белгіленген тәртіппен есептен шығару үшін ресімделеді. Актімен келіспеген жағдайда Комиссияның әрбір мүшесі актіге қоса берілетін жазбаша түрде ерекше пікір білдіреді.

53. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің бастығы төтенше жағдай кезінде РХБ қорғаныс құралдарының техникалық жай-күйі туралы актіті алғаннан кейін РХБ қорғаныс құралдарын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдайды, ал егер РХБ қорғаныс құралдарын әскери бөлімнің күштерімен қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, ТЖМ-ге құжаттар топтамасын (техникалық жай-күйі туралы акт, фотоматериалдар) жібереді.

54. РХБ қорғаныс құралдарының жетіспеушілігі, олардың бүлінуі мен оқшылықтарының есебі мен оларды ресімдеу осы тарауда мазмұндалған ерекшеліктерді ескеру арқылы қолданыстағы бұйрықтарға сәйкес жүргізіледі.

55. РХБ қорғаныс құралдарының жетіспеушілігін есепке алу сандық және ақшалай сипат түрінде жүргізіледі.

56. РХБ қорғаныс құралдарының түшелдігін және сақталуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында РХБ қорғаныс құралдарын есепке алуға, сақтауға және беруге қатысты барлық құжаттар әскери бөлімнің іс қағаздарын жүргізу органдарында есепке алынуға жатады. Оларды сақтау мерзімі ТЖМ-нің нормативтік-құқықтық актілерімен айқындалады.

57. Бөліністердің старшина штаттық лауазымы болмаған жағдайда, әскери бөлім командирінің бұйрығымен бөліністегі РХБ қорғаныс құралдарын есепке алуды, сақтауды және беруді жүзеге асыратын лауазымды адам тағайындалады.

58. Әскери бөлімнің командирі жылына кемінде бір рет барлық РХБ қорғаныс құралдарының тексерісін ұйымдастырады және жүргізеді, тексеру нәтижелерін әскери бөлім бойынша бұйрықта жариялайды.

59. Штаб бастығы – әскери бөлімдегі РХБ қорғаныс құралдарының есебін сапалы жүргізуді бақылайды.

2 - параграф. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінде РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу

60. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің бастығы есепке алуды жүргізеді және іс жүргізушінің есепті жүргізуін қадағалайды. Белгіленген мерзімде әскери бөлімнің бөліністерімен, РХБ қорғаныс құралдарының қоймасымен және бөлімнің қаржы қызметіндегі есептік деректермен деректер сәйкестігін салыстыруды жүргізеді.

61. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің бастығы жартыжылдықта кемінде бір рет есептік деректерді ТЖМ-мен салыстырады. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің бастығы ТЖМ-ге қызмет бойынша есептер мен хабарламаларды дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

62. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінде бағынысты қойма, қамтамасыз етілетін әр бөліністер мен жалпы әскери бөлім үшін РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігі, қозғалысы және сапалы (техникалық) жай-күйі есебі жүргізіледі. Есепке алу стандартты өлшем бірліктерімен сандық, сапалық (техникалық) және бағалау түрінде жүргізіледі.

63. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінде есепке алу келесі есептік құжаттары бойынша жүргізіледі:

1) осы Нұсқаулықтың 3 қосымшасына сәйкес қаржы қызметімен берілетін жүкқұжат;

2) осы Нұсқаулықтың 4 қосымшасына сәйкес қоймадағы (бөліністердегі) РХБ қорғаныс құралдарының нақты түгелдігі мен сапалық жай-күйінің ведомосі.

3) осы Нұсқаулықтың 2 қосымшасына сәйкес есепке алу құжаттарын тіркеу кітабы;

4) осы Нұсқаулықтың 1 қосымшасына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігі мен қозғалысын есепке алу кітабы;

5) осы Нұсқаулықтың 5 қосымшасына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарының нөмірлік есебін жүргізу кітабы;

6) осы Нұсқаулықтың 6 қосымшасына сәйкес стеллаждық (штабельдік) таңбашасы;

7) осы Нұсқаулықтың 7 қосымшасына сәйкес орау парағы;

8) осы Нұсқаулықтың 8 қосымшасына сәйкес ілеспе парағы;

9) осы Нұсқаулықтың 9 қосымшасына сәйкес РХБ қорғау құралдарын есепке алу карточкасы;

10) РХБ қорғаныс құралдарының формулярлары мен төлқұжаттары.

64. РХБ қорғаныс қызметімен толық салыстыру ресімдеу мен салыстыру өткізілгеннен кейін жүкқұжат тізілімімен бірге қаржы бөліміне өткізіледі. Материалдық есеп бухгалтермен жасалады.

65. РХБ қорғаныс құралдарының табелін РХБ қорғаныс қызметінің бастығы жасайды және осы Нұсқаулықтың 10 қосымшасына сәйкес әскери бөлімнің штаты бекітілгеннен кейін 30 күн ішінде әскери бөлім командирі қол қояды.

66. РХБ қорғаныс қызметінің бастығы кемінде үш айда бір рет бөліністерде және әскери бөлімнің қоймасында РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігін және техникалық жай-күйін тексереді.

3 - параграф. Әскери бөлімнің бөліністерінде РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу

67. Бөліністердегі РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігін, қозғалысы мен сапалық (техникалық) жай-күйін есепке алуды бөліністер командирлері ұйымдастырады. Есепке алу стандартты өлшем бірліктерімен сандық, сапалық (техникалық) және бағалау түрінде жүргізіледі.

68. Бөліністерде РХБ қорғаныс құралдарының есебі келесі құжаттар бойынша жүргізіледі:

1) осы Нұсқаулықтың 1 қосымшасына сәйкес бөліністердегі РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігі мен қозғалысын есепке алу кітабы;

2) осы Нұсқаулықтың 11 қосымшасына сәйкес жеке құрамға РХБ қорғаныс құралдарын бекіту кітабы;

3) Ішкі қызмет жарғысына сәйкес ротаның қару-жарақ пен оқ-дәрілерді беру кітабы бойынша;

4) осы Нұсқаулықтың 12 қосымшасына сәйкес газ тұмылдырығының жай-күйін есепке алу карточкасы;

5) осы Нұсқаулықтың 13 қосымшасына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарын қарау (тексеру) кітабы.

69. Бөліністерде жүргізілетін РХБ қорғаныс құралдарын есепке алудың барлық құжаттары осы Нұсқаулықтың 2 қосымшасына сәйкес есепке алу құжаттарын тіркеу кітабы бойынша әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінде есепке алынады. Бөліністерде аспаптар мен жиынтықтарға формулярлар жүргізіледі. Формулярда атқарылған жұмыс көлемі және оның жеке құрамға бекітілуі туралы жазба жазылады.

70. Ұшқышсыз ұшу аппараттары, роботты кешендер, радиациялық, химиялық және биологиялық барлау (бұдан әрі - РХБ барлау), дозиметриялық бақылау және арнайы өңдеу аспаптары жыл сайын әскери бөлім бойынша бұйрықпен бөліністерге бекітіледі және қажет болған жағдайда олардың сериясын, нөмірлерін, шығарылған жылын көрсету арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі және бөліністердегі РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігі мен қозғалысын есепке алу кітабында есебі жүргізіледі.

71. Бөліністерге тіркелген РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу үшін РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігі мен қозғалысын есепке алу кітабы әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінде жасалады. РХБ қорғаныс құралдарын бекіту кітабында жеке құрамға бекітілген РХБ қорғаныс құралдарының есебі жүргізіледі және бөліністерге РХБ қорғаныс құралдарын бекіту туралы әскери бөлім бойынша бұйрықтың үзінділері салынады. Үзінділер РХБ қорғаныс қызметімен ресімделеді, бөлімнің штаб бастығымен қол қойылады және әскери бөлімнің елтаңбалы мөрімен расталады.

72. Бөліністерге бекітілген РХБ қорғаныс құралдары түрлері мен үлгілері бойынша есепке алынады.

73. Есепке алу мен тіркеу кітабын алу кезінде бөліністер командирлері (старшина) оларда жазылған жазбалардың дұрыстығын тексереді, содан кейін бөліністер командирлері тексеру күнін көрсету арқылы жазабаларды тексеру бағанына қол қояды. Есепке алу мен тіркеу кітабы бөліністер командирлерінде немесе старшиналарында сақталады. Ары қарай кезекті РХБ қорғаныс құралдарын алу (тапсыру) кезінде бұдан кейінгі есепке алу кітабындағы жазбалар әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінде жүргізіледі. Бөліністердің РХБ қорғаныс құралдарының есептік деректері әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінде ай сайын жүргізіледі және кітаптың соңында бөлінген бетте ол туралы жазба жазылады.

74. Иссапарланған жеке құрамға бекітілгеннен бөлек штаттан тыс артық РХБ қорғаныс құралдарын бөліністерде сақтауға жол берілмейді. РХБ қорғаныс құралдарын қабылдап алғаннан кейін әскери қызметші оның ақаусыздығы мен пайдалану ережесін сақтауды қамтамасыз етеді. Бөліністердің жеке құрамынан РХБ қорғаныс құралдарын қабылдап алуды бекіту кітабына қол қою арқылы бөліністер старшиналары жеке өздері жүргізеді.

75. Батальон командирі кемінде екі айда бір рет түгелдігі, есебін мен жай-күйін тексереді. Тексеру нәтижесін тексеру кітабында көрсетеді және нәтижесі туралы жазбаша түрде әскери бөлім командиріне баяндайды.

76. Батальонның штаб бастығы айына кемінде бір рет бөліністердегі РХБ қорғаныс құралдарының жай-күйін және есебін тексереді.

77. Рота командирі аптасына кемінде бір рет РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігін, жай-күйін және есепке алуын тексереді, сондай-ақ тексеру нәтижесін осы Нұсқаулықтың 13 қосымшасына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарын тексеру кітабына (қарау) енгізеді.

78. Взвод командирі аптасына кемінде бір рет РХБ қорғаныс құралдарына қарап-тексеру және түгелдігін тексеруді жүргізеді.

79. Рота старшинасы ай сайын ротаның есепке алу кітаптарын әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің есепке алу кітаптарымен салыстырып тексереді.

80. Бөлімше командирі бөлімшені қорғау РХБ құралдарының бар-жоғын бақылауды жүзеге асырады, оларды күн сайын тексереді және жарамдылығында ұстайды.

81. Қорғау РХБ арнайы машиналарының, аспаптары мен жиынтықтарының техникалық жай-күйі туралы деректер және оларды пайдалану жөніндегі мәліметтер формулярларға (паспорттарға) енгізіледі. Формулярларға (төлқұжаттарға) жазбаларды РХБ қорғаныс құралдары бекітілген тұлға енгізеді.

82. Формулярларға келесі жазбалар енгізіледі және елтаңбалы мөрмен мөрленеді:

1) бекіту туралы бұйрықты көрсету арқылы РХБ қорғаныс құралдарын бекіту туралы мәліметтер, әскери бөлімнің нөмірі және жауапты тұлғаның тегі;

2) санаты туралы мәліметтер (акт нөмірін көрсету арқылы);

3) Пайдалану процесі кезіндегі өндірістік, конструкциялық толықтырып жасау, конструкциялық өзгерістер туралы мәліметтер (толықтырып жасауды жүргізген тұлған енгізеді);

4) орташа, күрделі және регламенттелген жөндеу жұмыстары туралы мәліметтер;

5) бір әскери бөлімнен екінші әскери бөлімге ауыстыруға және жөндеуге жіберу кезінде РХБ қорғаныс құралдарының жұмыс уақыты туралы қорытынды жазбалар;

6) тиісті бұйрықтарды көрсету арқылы консервациялау және қайта консервациялау туралы мәліметтер;

7) пайдалану мерзімін ұзарту туралы мәліметтер;

8) пайдалану кезінде олардың нөмірлерін көрсету арқылы қосалқы бөлшектердің, агрегаттардың және тетіктердің ауыстырылуы туралы мәліметтер (ауыстыруды жүргізген тұлға енгізеді);

83. Өлшеу құралдарын тексеру, қорғау құралдарын, электр күш жабдықтарын сынау, қазандық қадағалау объектілері мен электр қондырғыларын техникалық куәландыру нәтижелері формулярларға (паспорттарға) енгізіледі және мөрлермен куәландырылады.

84. Формулярлардың (төлқұжаттардың) жеке бағандары толық толтырылған жағдайда қосымша парақтарды жалғауға рұқсат етіледі.

85. Формулар (төлқұжат) жоғалған және өнім туралы мәліметтер болмаған жағдайда оның техникалық жай-күйін әскери бөлім командирімен тағайындалған комиссия айқындайды. Комиссия өнімді тексереді және акт жасайды, бұл өз кезегінде формулардың (төлқұжаттың) көшірмесін жасауға негіз болып табылады. Формулардың көшірмесін жасауға рұқсатты әскери бөлім командирі береді.

86. Формуларлар (төлқұжаттар) көшірмелеріне штаб бастығы мен РХБ қорғаныс қызметінің бастысы қол қояды және олардың қолдары елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

4 - параграф. Әскери бөлімнің қоймасындағы РХБ қорғаныс құралдарын есепке алу

87. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қоймасында РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігін, қозғалысы мен сапалық (техникалық) жай-күйін есепке алу стандартты өлшем бірліктерімен сандық, сапалық (техникалық) және бағалау түрінде жүргізіледі.

88. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қоймасында РХБ қорғаныс құралдарының түгелдігін, қозғалысы мен сапалық (техникалық) жай-күйінің есебін қойма бастығы жүргізеді.

89. Қоймаға (сақтау орнына) келуші барлық тұлғалар қоймаға (сақтау орындарына) келушілерді есепке алу кітабында тіркеледі.

90. РХБ қорғаныс құралдарын бір әскери бөлімнен басқа әскери бөлімге тапсыру ТЖМ бұйрығы немесе өкімі негізінде жүргізіледі. РХБ қорғаныс құралдары толтырылған формуларлармен (төлқұжаттармен) бірге тапсырылады.

91. Есепке алу карточкаларындағы алғашқы жазбалар ескі карточкалардағы тексерілген қалдықтарды ауыстыру бойынша түгендеу материалдарымен бекітілген кіріс құжаттары негізінде техникалық бөлімінің жауапты атқарушысымен (техникалық бөлімінің аға іс жүргізушісімен, іс жүргізушісімен) жүргізіледі. Жазбалардың дұрыстығы РХБ қорғаныс қызметі бастығының қолымен расталады. Ары қарай бұл карточкалардағы жазбаларды ресімделген кіріс-шығыс құжаттары негізінде қойма бастығы жүзеге асырады.

92. РХБ қорғаныс қоймасына түскен кіріс құжаттарымен жұмыс түскен күні жүргізіледі. Орындалған құжаттар сол күні қойма бастығымен РХБ қорғаныс қызметіне және қаржы бөліміне өткізіледі. Орындалған құжаттарды қойма бастығында сақтауға жол берілмейді.

93. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қоймасы мен РХБ қорғаныс қызметіндегі есептік деректерді салыстырып тексеру ай сайын жүргізіледі.

94. Жыл аяғында есепке алу карточкаларында, сонымен қатар РХБ қорғаныс қызметіне түгендеу, ревизиялық тексеру жұмыстарын жүргізу кезінде және қойма бастығының істері мен лауазымын қабылдап-тапсыру кезінде РХБ қорғаныс құралдарының қалдықтары шығарылады.

95. Қалдықтары туралы жазбалар қызыл сызықпен сызылады және РХБ қорғаныс қоймасы бастығының қолымен расталады.

96. Толық толтырылған есепке алу алу карточкаларында қалдықтар шығарылады, содан кейін олар қызметтің есепке алу кітабының деректерімен дұрыстығын тексеріп салыстыру үшін РХБ қорғаныс қызметіне ұсыналады, сонан соң жаңа карточкалар жүргізіледі және онда ескі карточкалардан санаттары бойынша РХБ қорғаныс құралдарының қалдығы туралы қорытынды жазбалар көшіріледі. Жаңа карточкаларды есептік құжаттарды тіркеу кітабында тіркеу кезінде оларға бөлшекті нөмір беріледі: алымында – ескі карточканың нөмірі, бөлгішінде – номенклатураның реттік нөмірі жазылады.

97. Қолданылған карточкалар әскери бөлімнің қоймасында жылдың аяғына дейін жаңа карточкалармен бірге сақталады, содан кейін әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметіне тапсырылады және кіріс-шығыс құжаттар ісіне тігіледі.

3 тарау. РХБ қорғаныс құралдарын пайдалану

1 - параграф. РХБ қорғаныс құралдарын пайдалану

98. РХБ қорғаныс құралдары тек мақсаты бойынша және ТЖМ бұйрықтарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген қорлардың (мотокорлардың) шығын нормасы шегінде пайдаланылады.

99. Әскери бөлімдерді РХБ қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету ТЖМ-нің РХБ қорғаныс құралдарымен жабдықтау табиғи нормаларымен және штаттарға (табельдерге) сәйкес жүзеге асырылады.

100. РХБ қорғаныс құралдарының күрделі үлгілері, автомобильдік және броньдалған базалық шассилерге орнатылатын арнайы құрылғылары арнайы РХБ қорғаныс көліктері (бұдан әрі - арнайы көліктер) деп аталады.

101. Ағымдағы қамтамасыз етуде тұрған арнайы көліктер қолдану топтарына сәйкес : жауынгерлік, жауынгерлік-оқу, саптық және оқу топтарына бөлінеді.

Арнайы көліктерді пайдалану бойынша топтарға бөлу штаттар негізінде әскери бөлім командирінің бұйрығымен жүргізіледі.

102. Пайдаланудың жауынгерлік және жауынгерлік-оқу топтарына тікелей мақсаты бойынша қызметтік міндеттерді қамтамасыз етуге арналған және әскери бөлімдерді толық жабдықтауға түскен күрделі жөндеуден өткен және жаңа көліктер енгізіледі.

Пайдаланудың саптық тобына қалған барлық арнайы көліктер енгізіледі.

103. Пайдаланудың жауынгерлік және саптық топтарында жауынгерлік пайдалануға (қолдануға) жарамды, ақаусыз, тиісті құрал-жабдықтармен және қосалқы бөлшектермен жабдықталған арнайы көліктер ғана ұсталады, сонымен қатар кемінде кезекті жөндеуге дейінгі келесі қорлары болуы тиіс:

- 1) арнайы құрал-жабдықтарға 25%;
- 2) 12 000 км – автомобильдік базасының шассилері мен тіркемелері негізінде;
- 3) 10 000 км – броньды доңғалақты көліктер базасы негізінде.

Орташа жөндеуден өткен көлік құралдарын жауынгерлік немесе жауынгерлік топта ұстауға жол берілмейді.

104. Пайдаланудағы жауынгерлік, сондай-ақ арнайы дайындық жоспарларына сәйкес қолданылады.

105. Әскери бөлімдерде, соның ішінде жаңа техникамен қайта жарақтандырылатын топтарда нормалар бекітілгенге және ең алдымен жөндеу жүргізілгенге дейін қысқарақ қоры бар, сонымен қатар сақтауда 15 және одан көп жыл ұсталатын жауынгерлік-оқу және саптық көліктер қамтамасыз етіледі. Жауынгерлік-оқу міндеттерін шешу үшін әскери бөлім командирінің бұйрығымен пайдалану мерзімі қысқарақ арнайы машиналарды келесі жөндеуге дейін жауынгерлік-оқу тобына әкелуге келесі есеппен рұқсат етіледі:

- 1) 1 көлік – 1-ден 5 көлікке дейін болса;
- 2) 2 көлік – 6-дан 10 көлікке дейін болса;
- 3) 3 көлік – 11-ден 15 көлікке дейін болса;
- 4) 5 көлік – бір үлгідегі көліктер 16 және одан да көп болса.

106. Әскери бөлімге тұрақты қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін келетін арнайы көліктер оларды әскери бөлімнің комиссиясы қабылдағаннан кейін бөлім командирінің

бұйрығымен үш күн ішінде қызметке енгізіледі. Есепке қойғанға және сапқа енгізуге дейін өнімдерді қолдануға жол берілмейді.

107. РХБ қорғаныс құралдарын алғаннан кейін оларды сыртқы тексеру жүргізіледі, сонымен қатар толықтығы мен жұмыс қабілеті тексеріледі. Ақаулы немесе толық емес РХБ қорғаныс құралдарын бөліністерге беруге рұқсат етілмейді.

108. Әскери қызметшілер өнімдерді пайдалануға құрылғыларды, жұмысқа әзірлік ережелерін мақсаты және техникалық қызмет көрсету бойынша зерделегеннен кейін ғана жіберіледі.

109. РХБ қорғаныс құралдары жарамды күйде және мақсаты бойынша пайдалануға тұрақты дайын күйде ұсталады. Оған келесі жағдайда қол жеткізіледі:

- 1) қызметтегі барлық үлгілерді жекелеген әскери қызметшілерге беру;
- 2) бекітілген өнімдердің құрылымын білу, олардың мақсаты, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары бойынша қолдану ережелерін білу;
- 3) пайдалануды және жөндеу жұмыстарын жоспарлау;
- 4) пайдалану құжаттамасының талаптарын сақтау;
- 5) техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын белгіленген мерзімде және толық көлемде уақтылы, әрі сапалы жүргізу, өлшеу құралдарын, қысым астында жұмыс істейтін қазандықтар мен сыйымдылық ыдыстарының техникалық куәландыруын уақтылы тексеру;
- 6) өнімді сақтау ережелерін сақтау;
- 7) өнімнің техникалық жай-күйін, техникалық қызмет көрсетуін және пайдалану ережелерінің сақталуын лауазымды тұлғалардың бақылауы.

110. Әскери бөлімдер мен бөліністер командирлері, РХБ қорғаныс қызметінің бастықтары, сондай-ақ өнімдер бекітілген әскери қызметшілер өнімнің дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

2 - параграф. РХБ қорғаныс құралдарын пайдалануды және жөндеуді жоспарлау

111. Өнімдерді бейбіт уақытта пайдалануды жоспарлаудың мақсаты:

- 1) тапсырмалар мен жауынгерлік даярлықты уақтылы орындауды қамтамасыз ету;
- 2) техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын толық, әрі сапалы жүргізу; үлгілерді мақсатты пайдалану үшін олардың жыл сайынғы қорларын тұтыну нормаларын ескере отырып, үнемі дайын күйінде ұстау;
- 3) техникалық қызмет көрсету кезеңділігін және жөндеу арасындағы қызмет мерзімін сақтау болып табылады.

112. Өнімдерді пайдалануды және жөндеуді жоспарлаудың бастапқы мәліметтері:

- 1) жауынгерлік даярлық жоспарының орындалуын қамтамасыз ету үшін арнайы көліктерді пайдалану қажеттілігін есептеу;
- 2) жыл сайынғы қорларды тұтынудың белгіленген нормалары (қызмет ету мерзімі, сақтау ұзақтығы);

3) өнімнің болуы және техникалық (сапалық) жай-күйі (таңбалары, пайдалану топтары және нөмірлері бойынша);

4) техникалық қызмет көрсетудің белгіленген түрлерін жүргізудің және өнімнің техникалық (сапаның) жай-күйін бақылаудың кезеңділігі;

5) өнімдер қорларының келесі жоспарлы жөндеуге дейінгі жұмыс істеу мерзімі;

6) орташа және күрделі жөндеуге дейінгі өнімдердің қызмет ету мерзімі;

7) көлік құралдарының орташа жөндеуде болуының белгіленген мерзімдері;

8) көлік құралдарын қысқа және ұзақ мерзімді сақтауға орналастыру мерзімдері;

9) техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша мамандардың болуы және олардың дайындық деңгейі;

10) материалдық құралдар запасының болуы (қосалқы құралдар мен керек-жарақтардың жинақтары, арнайы сұйықтықтар, жалпы мақсаттағы материалдар).

113. Әскери бөлімдерде өнімді пайдалануды және жөндеуді жоспарлау процесінде мынадай негізгі құжаттар әзірленеді:

1) әскери бөлімнің РХБ қорғаныс құралдарын пайдалану мен жөндеудің жылдық жоспары;

2) әскери бөлімнің РХБ қорғаныс құралдарын пайдалану мен жөндеудің айлық жоспары;

Жоспарлау құжаттарының нысандары осы Нұсқаулықтың 14 қосымшасында берілген.

114. Әскери бөлімдерде РХБ қорғаныс құралдарын пайдалану мен оларға жөндеу жұмыстарын жүргізу жылдық жоспары бір жылға жасалады және қажетті қосалқы бөлшектер мен материалдарды, жинақтауыштарды, шығыс материалдарын және қаражатты сұрату қажеттілігін есептеуге, сондай-ақ жұмыстарды уақтылы жоспарлауға қызмет етеді, сондай-ақ жылдық және айлық жоспарлардың тиісті бөлімдеріне енгізіледі. Жоспарды әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің бастығы жоспарланған кезең басталғанға дейін 15 күн бұрын әзірлейді. Қажет болған жағдайда жылдық жоспар әскери бөлімде орналасқан саны мен номенклатурасының өзгеруіне қарай түзетіледі. Жоспарға штаб бастығы қол қояды және оны әскери бөлім командирі бекітеді.

115. РХБ қорғаныс құралдарын пайдалану мен жөндеудің айлық жоспарын РХБ қорғаныс қызметінің бастығы әзірлейді және ол командирмен бекітіледі.

116. РХБ қорғаныс құралдарын тұрақты әзірлікте ұстау жөніндегі іс-шаралар оқу жылының басталуына 15-20 күн қалғанда әзірленеді және РХБ қорғаныс құралдарын пайдалану мен жөндеудің жылдық жоспарына жеке бөлім ретінде енгізіледі.

117. Өнімдерді пайдалану кезінде пайдалану және жөндеуді жүргізу құжаттарын басшылыққа алу қажет.

Пайдаланудың негізгі құжаттары:

1) нақты өнімге (өнім тобына) техникалық сипаттама және пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

2) формуляр, төлқұжат;

3) қосалқы бөлшектерді тұтыну нормалары;

4) шығын материалдарының нормалары;

5) қосалқы құралдар мен керек-жарақтар жиынтығының ведомосі;

6) пайдалану құжаттарының ведомосі;

7) пайдалану бойынша жадынамалар;

8) қауіпсіздік талаптары бойынша нұсқаулықтар;

9) бақылау-өлшеу аспаптарын және арнайы жабдықтарды тексеру жөніндегі нұсқаулықтар;

10) оқу-техникалық плакаттары болып табылады.

Пайдалану құжаттары өніммен бірге жеткізіледі. Құжаттардың тізбесі формулярларда белгіленеді.

Өнімді басқа әскери бөлімге немесе мемлекеттік органға беру кезінде үлгімен бірге формуляры (төлқұжаты) беріледі. Тапсыру күні барлық қажетті ақпарат тиісті бөліктерге енгізіледі.

Қосалқы бөлшектер мен материалдардың шығыс нормалары өнімнің қосалқы бөлшектері мен материалдарының, сонымен қатар оларды пайдалану кезеңінде өнімнің нормаланған саны шығындалатын номенклатурасын қамтиды.

118. Негізгі жөндеу құжаттары:

1) жөндеуге техникалық жағдайлар;

2) орташа (күрделі) жөндеуге арналған нұсқаулықтар;

3) орташа (күрделі) жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді тұтыну нормалары;

4) орташа (күрделі) жөндеуге арналған материалдар шығынының нормалары;

5) бөлшектер мен құрастыру бірліктерінің каталогы болып табылады.

Жөндеу құжаттарымен жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратын шеберханалар жасақталады.

Техникалық жағдайлар жөндеуге қойылатын жалпы және арнайы техникалық талаптарды анықтайды, сондай-ақ жөнделген бұйымдар үшін оларды жүргізу әдістері мен талаптарын қамтиды.

3 - параграф. РХБ қорғаныс құралдарын пайдалануды ұйымдастыру

119. Әскери бөлімге келіп түскен РХБ қорғаныс құралдарының жұмысын ұйымдастыруды штаб бастығы мен РХБ қорғаныс қызметінің бастығы қамтамасыз етеді.

120. РХБ қорғаныс құралдарын пайдалануды ұйымдастыру мынадай негізгі іс-шараларды қамтиды:

1) пайдалануды жоспарлау;

- 2) пайдалануға енгізу;
- 3) жеке құрамның арнайы дайындығы;
- 4) жеке құрамды пайдалануға жіберуге рұқсат ету;
- 5) пайдалану құжаттамасын есепке алу мен есептілігін жүргізу;
- 6) техникалық жай-күйді бақылау және бағалау;
- 7) техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- 8) сақтауды ұйымдастыру;
- 9) санаттарға бөлу;
- 10) толық жұмыстарын жүргізу;
- 11) таныстырылым жұмыстарын жүргізу;
- 12) өлшеу құралдарын тексеру, қазандықтарды тексеру объектілерінің сынақтары мен техникалық сараптамасы;
- 13) тасымалдауды ұйымдастыру;
- 14) пайдаланудың озық тәжірибесін жинақтау және оны тәжірибеге енгізу.

121. Әскери бөлімге РХБ қорғаныс құралдарының түсуі оны пайдалануға енгізумен аяқталады. Өнімдерді пайдалануға қабылдау дайындық жұмыстарының кешенін, оларды әскери бөлімнің қабылдауын және осы өнімді олардың жұмыс істеуіне жауапты әскери қызметшілерге (бөлімшелерге, лауазымды адамдарға) тағайындауды қамтиды.

122. Әскери бөлімдерде штаттан (есептік карточкалардан) артық орналасқан өнімді мақсатты пайдалануға жол берілмейді. Бұл өнімдер жұмысқа жарамды күйге келтіріліп, әрі қарай тағайындалуы туралы нұсқаулар алынғанға дейін сақталады.

123. Жаңа, сондай-ақ орташа (күрделі) жөндеуден өткен арнайы автокөліктердің негізгі автомобильдік шассилері келесі мерзімдерде іске қосылады:

- 1) үш айдан аспайтын мерзімде - әскери бөлімде;
- 2) алты айдан аспайтын мерзімде – түскен уақытынан бастап базалар мен қоймаларда.

Әскери бөлімге келіп түскен арнайы көліктерді жүргізу, олар тіркелгеннен және әскери есепке алу белгілерін бергеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

Арнайы көліктерді іске қосу пайдалану құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады. Жүргізу нәтижелері автокөліктің төлқұжатына (формулярына) енгізіледі.

124. Келесі арнайы көліктер іске қосуға жатпайды:

- 1) базалық броньды көліктер базасында;
- 2) өндірушіде (жөндеу орнында) сыналған өндірушінің (жөндеу кәсіпорнының) мөрімен расталып жасалған техникалық шарттарда белгіленген толық көлемде "Жұмыс істейтін көлік" тарауындағы формулярларға (төлқұжаттарға) тиісті жазбалар жазылады.

Өндірушілерден консервацияланған түрде жеткізілетін арнайы көліктер кепілдік мерзімі ішінде сынақтан өткізілмейді.

125. Күрделі (регламенттелген) жөндеуден өткен және жауынгерлік-саптық топтардың құрамына енгізуге арналған жаңа және арнайы көліктерді пайдалануға

арналған мото-қорлары автокөлік құралдарының мото-қорларын тұтынудың белгіленген жылдық нормаларынан артық жұмсалады және оларда арнайы жабдықты орнатуға (монтаждауға) арналған көпмақсатты және жалпы мақсаттағы автомобильдерге, доңғалақты тракторларға, доңғалақты негіз шассилеріне арналған есеп бойынша - 1000 км құрайды.

Басқа пайдалану топтарының арнайы көліктерін іске қосу осы топтар үшін белгіленген мото-қорларды тұтынудың жылдық нормалары есебінен жүзеге асырылады.

126. Арнайы көліктерді іске қосу кезеңінде мынадай мото-қорларды шығындауға рұқсат етіледі:

1) жауынгерлік және саптық топтардың көліктерін – жауынгерлік даярлық тапсырмаларын орындау үшін;

2) басқа топтардың көліктерін – әскери бөлімнің шаруашылық, техникалық және өзге де қажеттіліктері үшін.

Іске қосу кезеңінде жеке құрамды тәжірибе жүзінде жүргізуге оқыту үшін арнайы көліктерді қолдануға жол берілмейді.

127. Штаттық (табельдік) санын жасақтау үшін келген арнайы көліктер түскен кезде немесе олар жөндеуден келген кезде қор шығыны олар тіркелген пайдалану тобының жылдық ресурстарды тұтынуының қалған нормасы шегінде ағымдағы жылдың әрбір айына жоспарланады.

Әскери бөлімді толық жасақтауға алынған, басқа әскери бөлімдерге ауыстырылған, сондай-ақ шығарылған арнайы көліктердің мото-қорлары жауынгерлік-оқу тобына күрделі жөндеуге жіберілгендердің орнына жылдық норманың қалдығы шегінде жұмсалады.

128. Бөлімдегі арнайы көліктерді күнделікті пайдалану бөлім командирі бекіткен көлік құралдарын пайдалану тәртібінің негізінде, жол парақтары бойынша жүзеге асырылады.

129. Әскери бөлімдерде пайдаланудың жауынгерлік және саптық топтарындағы арнайы көліктер РХБ қорғаныс бөліністерінің оқу процесін, сонымен қатар арнайы тактикалық оқу-жаттығуларды қамтамасыз ету үшін қолданылады.

130. Әскери бөлімдерде жауынгерлік-оқу және пайдаланудың оқу топтарының арнайы көліктері РХБ қорғаныс бөліністерінің оқу процесін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ оқу-жаттығуларды, тактикалық, атыс, техникалық және арнайы сабақтарды жүргізу үшін қолданылады.

131. Бір жылға жоспарланған қызмет мерзімін (мотоқор) мерзімінен бұрын аяқтаған арнайы көліктерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

132. Қайта консервациялаудан өткен арнайы көліктерге техникалық қызмет көрсету, жүргізу мерзімін, жүктеме кезінде сынау жүргізіледі. Жылдық тұтыну нормаларында көрсетілмеген үлгілер үшін қорлар белгіленбейді.

133. Қорларды (мото-қорларды) тұтынудың және жұмыс уақытының жылдық нормалары жөндеуге және есептен шығаруға дейін жеткізуге жаңадан қабылданған РХБ қорғаныс құралдары Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленеді.

134. Тіркемелер мен жартылай тіркемелердің жұмыс істеу уақыты (қызмет мерзімі) негізгі тартқыш көліктің жұмыс уақытының (қызмет мерзімі) 85% есептеледі.

135. Алғашқы кезекте ескірген өнімдер пайдаланылады. Күрделі (екінші орта) жөндеуге дейінгі қорлар (мото-қорлар) таусылғаннан кейін бұл өнімдер есептен шығаруға жатады.

136. Әскери бөлім командирі:

1) бір мезгілде қолданылатын арнайы көліктер санын азайту және олардың жөндеуге біркелкі (сатылы) шығуын қамтамасыз ету мақсатында қорларды тұтынуды азайту арқылы кейбір көліктер үшін қорларды (мото-қорларды) сол пайдалану тобындағы басқа ұқсас көліктерді екі жылдық нормаға дейін арттырады, бұл ретте арнайы көліктердің осы түрінің қорларының (мото-қорларының) жалпы шығыны жылдық қорларды тұтынудың жалпы нормасынан аспауы керек.

2) арнайы көліктерді пайдаланудың бір тобынан екіншісіне ауыстырған кезде, сондай-ақ олар әскери бөлімнің штаттық құрамына кірген кезде қорларды (автомобильдік қорларды) тұтыну ағымдағы жылдың әрбір айына жылдық қалған норма шегінде, олар тіркелген бір операциялық топтың қорларын (мото-қорларын) тұтыну жоспарланады.

Жеке жауынгерлік және жауынгерлік-оқу көліктерін тұтынуды арттыруға бір маркадағы және топтағы басқа автомобильдер есебінен жол беріледі, бірақ ол бір жылдық мөлшерлемеден аспайды.

137. Қорларды (мото-қорларды) тұтынудың белгіленген жылдық нормаларынан асатын арнайы көліктерді мақсаты бойынша пайдалануға келесі жағдайда рұқсат етіледі:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды орындау кезінде - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығы негізінде, кейінге шегеруге жатпайтынды - әскери бөлімдер командирлерінің бұйрықтары негізінде ТЖМ басшылығының ауызша рұқсатымен, кейіннен ТЖМ-ге хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілген жағдайларда қорларды (мото-қорларды) тұтынуды әскери бөлімдердің командирлері ұсынатын орындалған жұмыстардың көлеміне сәйкес қорларды (мото-қорларды) тұтыну туралы актілердің негізінде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар Вице-министрі бекітеді;

2) ТЖМ жоспарлары бойынша әскери бөлімдер базасында өткізілетін РХБ қорғаныс бөліністерінің (мамандарының) оқу және далалық жиындарын қамтамасыз ету кезінде.

138. РХБ қорғаныс құралдарының қорларын тұтынуды есепке алу нақты жұмыс уақытын ескере отырып жүргізіледі. Мәліметтер ай сайын өнім формулярына (төлқұжатына) енгізіледі.

139. Негізгі шасси қозғалтқышымен басқарылатын арнайы құрылғының жұмысын есепке алу нақты жұмыс уақытын ескере отырып жүргізіледі. Бұл жағдайда арнайы техниканың бір сағаттық жұмысы негізгі шассидің 25 км жүрісіне тең болады.

Арнайы көліктердің жұмыс уақытын есептеу мысалдары осы Нұқсаулықтың 15 қосымшасында келтірілген.

140. РХБ қорғаныс құралдарының құрамына кіретін өлшеу құралдарын тексеру, қосалқы құралдар мен керек-жарақтардың жиынтықтарында, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету және жөндеу жабдықтарында мерзімдік тексеруге жататын өлшем құралдарының қолданыстағы тізімдерінде белгіленген жиілікте жүргізіледі.

141. Тексеруге жататын объектілер мен құралдарды куәландыру РХБ қорғаныс құралдары үлгісінің пайдалану құжаттамасында белгіленген нормативтік-техникалық және мемлекеттік техникалық қадағалау органдарының әдістемелік құжаттары негізінде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

142. Өнімдерді төмен температуралар кезінде келесі іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ету қажет:

1) қозғалтқыштарды, аккумуляторларлық батареяларды, құбырларды және арнайы клапандарды табельдік немесе қолмен жұмыс істеу құралдарымен жылыту;

2) көліктерді (жиынтықтарды, аспаптарды) арнайы жабдықтау үшін тек осы жағдайларға арналған майлар мен майлау материалдарының түрлерін қолдану;

3) арнайы техниканың қозғалтқыштарының салқындату жүйесін мұздатқышы аз сұйықтықпен толтыру;

4) арнайы құралдың тораптары мен тораптарын іске қосу алдында олардың жай-күйін тексеру, қажет болған жағдайда жылыту, механикалық сорғылардың сымдарын қолмен бұру;

5) арнайы құрылғыны іске қосу (енгізу) агрегат қозғалтқышы торабының жұмыс қалпынан шығармай және зақым келтірмей жұлқусыз, асықпай жүргізу;

6) арнайы құрылғылар мен аспаптардың ыдыстарындағы және коммуникацияларындағы сұйықтықтардың қатып қалмауы үшін барлық шараларды қабылдау;

7) жұмыс аяқталғаннан кейін қататын сұйықтықтар мен ерітінділердің коммуникациялар мен сыйымдылық ыдыстарынан шығару түптерін тексеру;

8) арнайы көлік құралдарында орнатылған бақылау-өлшеу құралдарын мұзданудан және қатып қалудан қорғау;

9) резеңке және резеңке матадан жасалған шлангтардың (ауа шлангтарының), сондай-ақ РХБ барлау құрылғыларының қосу кабельдерінің кенет қызып кетуіне жол бермеу;

10) жұмыстан кейін жылы бөлмелерге әкелінген өнімдерді конденсацияланған ылғалды кетіру үшін құрғақ шүберекпен жақсылап сүрту керек.

143. Ыстық климаты бар шөлді-құмды аймақтарда өнімді пайдалану кезінде күндізгі уақытта температураның айтарлықтай ауытқуы, қатты желдер мен құмды дауылдар, сондай-ақ су көздерінің жетіспеушілігі ескерілуі керек.

144. Қатты шаң және жоғары температура жағдайында:

1) көліктерді (жиынтықтарды, аспаптарды) арнайы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуге арналған пайдалану нұсқаулығында белгіленген мерзімдерді 20 %-ға қысқарту;

2) барлық бөлшектер мен бөліктерді құмнан және шаңнан мұқият тазалауды қамтамасыз ету;

3) көліктердің арнайы құрылғыларының сыйымдылық ыдыстарын сүзгіден өткен сумен, ал қазандықтарды жұмсартылған сумен толтыру;

4) өнімдерді ашық жерлерде ұзақ уақыт қалдырған кезде резеңке өнімдерді күн сәулесінің тікелей түсуінен сақтау;

5) электролит деңгейін күнделікті тексеріп, батареяларға тазартылған суды дереу қосу қажет.

145. Өнімдердің техникалық жай-күйі мен қызмет көрсетуін бақылау пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

РХБ қорғаныс құралдарына белгіленген техникалық қызмет көрсету түрлері және олардың кезеңділігі осы Нұсқаулықтың 16 қосымшасында берілген.

146. Арнайы көліктердің техникалық жай-күйін бақылау және оларға қызмет көрсету кешенді түрде жоспарланады және жүзеге асырылады, сондай-ақ үлгілердің барлық құрамдас бөліктері үшін олардың техникалық жай-күйіне жауапты тиісті қызметтердің мамандарын тарта отырып, уақытында және орнында біріктіріледі.

147. Техникалық қызмет көрсету белгіленген кезеңділік пен орындалу көлеміне сәйкес, уақыты мен орны бойынша кезекті бақылау-техникалық байқаумен немесе техникалық диагностика жасау арқылы біріктіріліп жоспарланады. Оларды іске асыру көлемі үлгілердің техникалық жағдайын бақылау нәтижелері бойынша нақтылануы мүмкін.

148. Пайдаланудың жауынгерлік-оқу және оқу топтарындағы арнайы көліктер құрылғыларын, сондай-ақ РХБ қорғаныс құралдарының басқа да құралдарын бақылау-техникалық тексеру пайдалану құжаттарында көрсетілген операцияларды жүргізу көлемінде техникалық қызмет көрсету және жөндеу пункттерінде әскери бөлім командирімен бекітілген жоспар бойынша жөндеу бөліністерінің мамандарымен ай сайын жүргізіледі. Өнімнің бақылау-техникалық тексеру нәтижесі бойынша дефектілік ведомость жасалады техникалық жай-күйі бойынша техникалық қызмет көрсету мен

жөндеу жұмыстарын жүргізу ұйымдастырылады. Қажет болған жағдайда күрделі ақауларды жою үшін әскери бөлімнің жөндеу бөлімдерінің мамандары тартылуы мүмкін.

149. Пайдаланудың жауынгерлік және саптық топтарының арнайы көліктерін бақылау-техникалық тексеру оларды сақтауға немесе маусымдық пайдалануға дайындау кезінде жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі.

150. Қол сұғылмайтын запастарда орналасқан арнайы көліктер үшін бақылау-техникалық тексеру қол сұғылмайтын запастарды сақтау жөніндегі Басшылықтардың (нұсқаулардың) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

151. Пайдалану арасындағы үзілістер кезінде бір жылға дейін қысқа мерзімді және бір жылдан астам ұзақ мерзімді болуы мүмкін өнімдер қоймаға орналастырылады.

Арнайы көліктер қысқа мерзімді сақтауға орналастырылады, оларды пайдалану келесі жағдайларда жоспарланбаған:

- 1) бір айдан астам - брондалған базалық шассиде;
- 2) үш айдан астам - автомобильдік базасының шассиінде.

152. Жауынгерлік және жауынгерлік іс-қимыл топтарының арнайы машиналары қысқа мерзімді сақтау үшін әскери бөлімдерде ұсталады.

153. РХБ қорғаныс құралдарын сақтауға қою үшін олардың санын және бір өнімді өндіруге қажетті еңбек шығындарын есепке алу арқылы уақыт бөлінеді.

РХБ қорғаныс құралдарын дайындау бойынша жұмыстарды орындау көлемі мен тәртібін сақтау үшін оларды сақтау кезінде күтіп ұстау, сақтау кезіндегі техникалық қызмет көрсету кезеңділігі осы Нұсқаулықтың 5 тарауда айқындалады.

154. Арнайы көліктерді сақтауға дайындау, өткізу туралы сақтау кезінде оларды күтіп ұстауға бұйрықтар беріледі, бұл бұйрықтармен арнайы көліктердің техникалық жай-күйін, оларда орындалатын жұмыстардың көлемі мен сапасын тексеру үшін комиссиялар тағайындалады.

Арнайы көліктердің техникалық жай-күйін тексеру нәтижелері комиссия қол қоятын актілермен ресімделеді және бөлім командирімен бекітіледі.

Барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін акт негізінде арнайы көліктерді сақтауға орналастыру туралы әскери бөлім бойынша бұйрық беріледі.

155. Арнайы көліктер әскери бөлімдердің жауынгерлік даярлық жоспарларына сәйкес қысқа мерзімді сақтаудан шығарылады.

156. Тексеру, қорытынды және бақылау тексерулері кезінде олардың техникалық жай-күйін бағалау үшін РХБ қорғаныс құралдарын қоймадан шығару оларды жүзеге асыру туралы комиссияларды тағайындайтын лауазымды тұлғалардың рұқсатымен жүзеге асырылады.

157. Өнімді сақтаудан шығару туралы барлық жағдайда әскери бөлім бойынша бұйрық шығарылады және сол жерде мыналар көрсетіледі:

- 1) шығару негіздері;

- 2) маркасы мен нөмірі бойынша шығарылып тасталған өнімдердің саны;
- 3) қандай мақсаттар үшін;
- 4) олар сақтаудан қандай мерзімге шығарылады;
- 5) қорларды (мото-қорларды) жоспарлы тұтыну.

Бұйрықтың нөмірі мен күні РХБ қорғаныс құралдарының формулярларында (төлқұжаттарында) жазылады. Дабыл бойынша өнімдерді сақтаудан шығару арнайы әзірленген технологиялық карталар бойынша жүргізіледі.

158. РХБ қорғау құралдарын жөндеу осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

159. Қалпына келтіру жұмыстарының техникалық жай-күйіне, істен шығуының (зақымдануының) сипатына және еңбек сыйымдылығына байланысты РХБ қорғаныс құралдарына жөндеудің келесі түрлері белгіленеді:

- 1) техникалық жай-күйі бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары;
- 2) техникалық жай-күйі бойынша орташа жөндеу жұмыстары;
- 3) күрделі жөндеу жұмыстары;
- 4) регламенттелген жөндеу жұмыстары.

РХБ қорғаныстың негізгі құралдарына жүргізілетін жөндеу жұмыстарының түрлері осы Нұсқаулықтың 17 қосымшасында келтірілген.

160. Әскери бөлімде РХБ қорғаныс құралдарын жөндеуді РХБ қорғаныс қызметінің бастығы ұйымдастырады.

161. Техникалық жай-күйі бойынша ағымдағы жөндеуді РХБ қорғаныс құралдарының нақты үлгілерін пайдалану және жөндеу жүргізу құжаттамасы бойынша арнайы көліктер есептоптары және РХБ қорғаныс құралдары бекітілген әскери қызметшілер жүргізеді.

РХБ қорғаныс құралдарының күрделі техникалық жөндеу жұмыстарын жүргізуге әскери бөлімнің жөндеу бөліністерінің күштері мен құралдары тартылуы мүмкін.

162. Орташа жөндеу кезінде арнайы жабдықтың негізгі тетіктерінің жартысынан көбі ауыстырылмайды (немесе жөнделеді), ал қалған тетіктердің (агрегаттар, механизмдер мен құрылғылар) техникалық жай-күйі тексеріледі.

Арнайы көліктердің арнайы жабдықтарын орташа жөндеу, техникалық жағдайына байланысты бейбіт уақытта әскери бөлімдердің жөндеу бөлімшелерінде жүргізілмейді.

Арнайы машиналардың арнайы жабдығының негізгі тетігін орташа жөндеу кезінде қызмет ету мерзімі басқа тетіктердің кезекті жоспарлы жөндеуіне дейін бір мезгілде қалпына келтіріледі.

Автомобиль базасының шассиіне регламенттелген техникалық қызмет көрсетусіз арнайы көліктердің арнайы жабдығын орташа жөндеуді жүргізуге жол берілмейді.

Жөндеу жұмыстарын орындау үшін арнайы жабдықты қажет етпейтін, кіріктірілген немесе оның құрамына кіретін РХБ қорғаныс құралдарын орташа жөндеу қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеу орындарында жүргізіледі. Осы үлгілерді жөндеуді

қамтамасыз ету үшін жөндеу құжаттамасы мен қосалқы бөлшектер белгіленген тәртіппен беріледі.

163. Күрделі жөндеу жүргізу жөндеу жүргізу кәсіпорындарында күрделі жөндеу жүргізу басшылық талаптары (техникалық жағдайы) көлемінде жүргізіледі.

Күрделі жөндеу кезінде құрылғы толығымен бөлшектеледі, кез келген тетіктер (агрегаттар, механизмдер және құрылғылар) ауыстырылады немесе қалпына келтіріледі, көлітер құрастырылады, реттеледі және сыналады.

164. Автомобиль базасының шассіне орнатылған арнайы жабдыққа регламенттелген жөндеу жұмыстары 12 жылдан кейін, ал брондалған базалық шассиде - 10 жыл апаттық резервте болғаннан кейін жүргізіледі.

Ағымдағы жабдықтау резервтеріндегі құралдардың арнайы жабдықтарына регламенттелген жөндеу жұмыстарын жүргізу, егер олар жоспарланған күрделі жөндеуге дейін 12 жыл ішінде қызмет ету мерзімінің 50%-дан астамын таусылған болса жүргізіледі.

165. Негізгі шассиге күрделі және регламенттелген жөндеу жұмыстарын жүргізу жөндеу органдарының күштерімен және құралдарымен жүргізіледі. Жөндеуге жіберер алдында арнайы құрылғы бөлшектенеді.

Регламенттелген жөндеуден толыққанды өткеннен кейін (жаңартылған) арнайы көліктер ұзақ мерзімді сақтауға қойылуы мүмкін немесе ағымдағы қамтамасыз ету запастарында қолдану үшін басқа әскери бөлімдерді жабдықтауға берілуі мүмкін.

166. Арнайы көліктерге регламенттелген жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін қорлары (қызмет ету мерзімі) күрделі жөндеуден өткен көліктер секілді кезекті жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу бекітіледі.

167. Ұзақ мерзімді сақтау қоймаларында орналасқан арнайы көліктер мен қорларды тұтынуы шектеулі ағымдағы жеткіліктілік қорларында пайдалану кезінде олар екі рет регламенттелетін техникалық қызмет көрсетуге және регламенттелген жөндеуге жатады.

168. Белгілі бір түрдегі жоспарлы жөндеуге немесе есептен шығаруға дейін тағайындалған қор (қызмет мерзімі) біткен кезде РХБ қорғаныс құралдарының үлгілері белгіленген тәртіппен ғана жөндеуге жіберіледі немесе олардың техникалық жағдайын тексерген әскери бөлім комиссиясының қорытындысы бойынша есептен шығарылуы мүмкін. Техникалық жай-күйі бойынша көрсетілген РХБ қорғаныс құралдары одан әрі пайдалануға жарамды болған жағдайда, әскери бөлім комиссиясының қорытындысы бойынша олардың қорларының қосымша шығыны (қызмет мерзімі) белгіленеді.

169. Белгіленген қорлар (қызмет мерзімі) қалыпты климаты бар табиғи-климаттық аймақтардағы жұмыс жағдайлары үшін және нақты климаттық жағдайлар үшін, сондай-ақ ұзақтығына байланысты орташа болып табылады және оларды сақтау кезінде осы Нұсқаулықтың 18 қосымшасында келтірілген түзету коэффициенттерін ескере отырып түзетуге жатады.

170. Оқу әскери бөлімдерде (бөліністерде) пайдаланылатын өнімді жоспарлы жөндеуге және есептен шығаруға дейінгі тағайындалған қорлар (қызмет мерзімі) 30%-ға қысқарады.

171. Қол сұғылмайтын запастардан шығарылған РХБ қорғаныс құралдарын жөндеуге және есептен шығаруға дейінгі тағайындалған қорлар (қызмет мерзімі) сақтау ұзақтығына байланысты келесідей қысқартылады:

- 1) 20%-ға - 6-8 жыл сақтағаннан кейін;
- 2) 30%-ға - 9-10 жыл сақтағаннан кейін;
- 3) 50%-ға - 10 және одан да көп жыл сақтағаннан кейін.

РХБ қорғаныс құралдарының үлгілері орта, күрделі және регламентті жөндеу жүргізу үшін жөндеу органдарына жіберіледі.

172. Жөндеуге жіберілген РХБ қорғаныс құралдарының үлгілері оларды жөндеуге жеткізуге арналған техникалық шарттар талаптарына сәйкес келеді. Олардың тетіктерін, тораптарын, механизмдерін, құрылғылары мен бөлшектерін жөндеуге жіберер алдында ауыстыруға жол берілмейді. Қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтардың бір жиынтықтарынан тұтынылатын қосалқы бөлшектер мен материалдардың болмауына жол беріледі.

173. Қол сұғылмайтын запастардан жөндеуге жіберілетін арнайы көліктер консервациядан шығарылған және толық жабдықталған. Жөндеуге жіберілген әрбір өнімге техникалық жай-күйінің актісі жасалады.

174. Жөндеу мекемесімен (органмен) техникалық сипаттамаларына сәйкес келмейтін РХБ қорғаныс құралдарының үлгілері жөндеуге тапсыруға қабылданбайды.

175. Күрделі (регламентті) жөндеуден өткен арнайы көліктердің арнайы жабдығы үшін кепілдік мерзімі – кемінде бір жыл болып белгіленеді, оның ішінде жөндеу жөніндегі орган өнімнің және оның құрастыру агрегаттарының ақаусыз жұмысына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімнің және оның құрамдас бөліктерінің формулярларында (төлқұжаттарында) көрсетіледі. Жабдықтар, құрылғылар және басқа да құрастыру бірліктері.

176. Әскери бөлімнің шеберханасында әскери бөлім шеберханасының айлық өндірістік жоспарына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарына ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету жүргізіледі.

Жұмыс жоспарын жасаудың бастапқы мәліметтері:

1) әскери бөлімнің РХБ қорғаныс құралдарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жұмыстары;

2) әскери бөлімдердің шеберханаларында жөндеу жұмыстарын жүргізуге және техникалық қызмет көрсетуге РХБ қорғаныс қызметі бастықтарының өтінімдері, сондай-ақ РХБ қорғаныс құралдарының сапалық жай-күйі туралы мәліметтер;

3) РХБ қорғаныс құралдарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстардың ауыспалы теңгерімі туралы мәліметтер, сондай-ақ РХБ қорғаныс құралдарын ұстауға және сақтауға бағытталған басқа жұмыстар кіреді.

177. РХБ қорғаныс қызметінің бастығы бөліністер командирлеріне РХБ қорғаныс құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу мерзімдері туралы хабарлайды, РХБ қорғаныс құралдарының жөндеуге уақтылы жеткізілуіне бақылауды (техникалық қызмет көрсету үшін) және шеберхана жұмыстарын орындауды ұйымдастырады.

178. Жөндеу шеберханасы жылдың кез келген уақытында жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін жылытылатын бөлек үй-жаймен жабдықталады.

РХБ қорғаныс құралдарын жөндеу шеберханалары белгіленген нормаларға сәйкес құрылғылармен және аспаптармен қамтамасыз етіледі.

179. Жөндеуге арналған жайлардың (учаскелердің) көлемдері жөнделетін жабдықты, өндірістік жабдықты және РХБ қорғаныс құралдарын ыңғайлы орналастыруды қамтамасыз етеді.

Бояу жұмыстарын жүргізу учаскелерінің жайларында электр жабдықтары, іске қосу және басқару аппаратуралары, сондай-ақ электр шамдары жарылысқа төзімді етіп қолданылады.

Барлық электрлік іске қосу құрылғылары (ажыратқыштар, электромагниттік қосқыштар) бояу бөлмелері мен батареяларды қуаттауға арналған бөлмелерден тыс орнатылады.

180. Жұмыс істеушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпті бөліктер мен орындарда жабдықтар (станоктар, стендтер, құрылғылар) мықтап қоршалуы тиіс.

Құрылғы ашық түстермен, ал қоршауы құрылғы түсімен боялған, сондай-ақ құрылғының жұмыс істеушілерге қауіпті бөліктері қызыл түске боялады.

181. Жұмыс орындары қажет болған жағдайда арматураларды, аспаптар мен материалдарды сақтауға арналған сөрмен жабдықталады. Сөрелердің өлшемдері оларға салынған өнімдердің ең үлкен өлшемдеріне сәйкес келеді. Сөрелерге қойылған өнімдер сыртқа шығып кетпейді немесе ілулі тұрмайды.

Қолданылған тазалағыш материалдарды сақтау үшін ыңғайлы жерлерге құлыпталатын қақпағы бар арнайы темір жәшіктер орнатылады. Жәшіктер күнделікті тазаланады.

182. Жұмыс жайларында табиғи жарықтандырудан басқа жалпы электрлік жарықтандыру және қажет болған жағдайда жұмыс орындарында жергілікті жарықтандыру болуы тиіс. Жергілікті жарықтандыруды жалғыз пайдалануға рұқсат етілмейді.

Жарықтандыру (жалпы және жергілікті) оқу және басқару құрылғылары мен аспаптарындағы бөліктерінің, сондай-ақ өңделетін (жөнделетін) бөліктердің беттері анық көрінуін қамтамасыз етуі керек.

183. Ақаулы және жөнделетін РХБ қорғаныс құралдары шеберханада құлпы бар металл шкафтарда (жәшіктерде) сақталады. Шкафтар (жәшіктер) құлыпталады және мөрленеді. Кілттер мен мөртаңба шеберхана бастығында болады, ал екінші кілттер жиынтығы бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің бастығында болады. Жөнделгеннен кейін РХБ қорғаныс құралдары бөліністерге қайтарылады.

Шеберхана бастығы жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету кезеңінде РХБ қорғаныс құралдарының қауіпсіздігін ұйымдастырады.

184. Шеберхананың көрінетін жерінде келесі қызметтік құжаттамасы бар стенд орнатылады:

- 1) күн тәртібі;
- 2) шеберхананың айлық өндірістік жоспары;
- 3) РХБ қорғаныс құралдарын жөндеуге арналған типтік уақыт нормалары;
- 4) сабақтар кестесі;
- 5) шеберлердің кезекшілік кестесі;
- 6) эвакуациялау және өрт қауіпсіздігі жоспары.

Әрбір жұмыс орнында станоктарда және басқа да құрылғыларда жұмыс істеу кезіндегі негізгі ережелер мен қауіпсіздік шаралары ілініп, оларға техникалық қызмет көрсетуге және пайдалануға жауапты тұлға көрсетіледі.

Шеберлерге құрал-жабдықта жұмыс істеуге оның құрылымы мен пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін егжей-тегжейлі зерттегеннен кейін ғана шеберхана бастығымен рұқсат беріледі.

Қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулықтар жұмыс орнында қауіпсіздік шаралары туралы жеке құрамның журналына қол қоюы арқылы жүргізіледі.

Жеке құрамға РХБ қорғаныс құралдарын жөндеу бойынша тәжірибелік жұмыстарды орындауға РХБ қорғаныс құралдарының үлгісінің құрылымын, қауіпсіздік шараларының талаптарын және жөндеу технологиясын зерттегеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

Білімдерін кезеңділікпен тексеру жарты жылда кемінде бір рет өткізілуі керек.

185. РХБ қорғаныс құралдарын шеберханаға жүкқұжаты бойынша бөліністер старшиналары тапсырады.

186. Шеберханаға бөліністерден және қоймадан келіп түскен барлық РХБ қорғаныс құралдарын шеберхана бастығы (шебер) мұқият тексереді және осы Нұсқаулықтың 19 қосымшасына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарын алған күнін көрсете отырып жөндеу үшін, оның қашан шыққандығы, үлгінің атауы, оның нөмірі мен сериясы, саны, сондай-ақ ақаулардың сипаты РХБ қорғаныс құралдарын жөндеуді есепке алу журналына жазылады. Шеберхана бастығы қабылданған РХБ қорғаныс құралдарына қол қояды.

РХБ қорғау құралдары шеберханаға РХБ қорғау құралдарының үлгісін стандартты қақпақтармен, қосалқы құралдардың бөліктері мен мерзімдік сынақтан өткізуді қажет

ететін бөлшектерімен жұмыс істеуге сынауды қамтамасыз ететін толық жинақта қабылданады. Бланкілер (паспорттар, карточкалар) РХБ қорғау құралдарымен бірге тапсырылады.

187. РХБ қорғаныс құралдары шеберханаға толық жиынтық күйінде қабылданады, егер ол жөндеуден немесе техникалық қызмет көрсетуден кейін келген болса онда әскери бөлімнің қоймасына, жабдықтау органына немесе басқа әскери бөлімге беріледі.

188. РХБ қорғаныс құралдарын жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін шеберхана бастығы РХБ қорғаныс құралдарын жөндеу сапасын жеке өзі тексереді және РХБ қорғаныс құралдарын жөндеуді есепке алу кітабындағы 7, 8 және 9 бағандарын толтырады.

Қабылдаушы (старшина) жүргізілген жұмыс туралы кітапта жазылған жазбаларды іс жүзінде орындалған жұмыстар көлемімен (техникалық қызмет көрсету) салыстыруы, жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілгендігін, формулярлардағы (төлқұжаттардағы, карточкалардағы) жазбалардың дұрыстығын нөмірі бойынша тексеруі, сондай-ақ қабылдап алынған РХБ қорғаныс құралдарына арналған кітаптың 10 бағанына қол қоюы тиіс. Бөлініске оралғаннан соң оларды кезекшіге тапсыру мен қабылдау кітабына қол қоюы арқылы өткізеді.

Жөндеу жүргізілгеннен және оларға техникалық қызмет көрсетілгеннен кейін РХБ қорғаныс құралдары қойма бастығымен жүкқұжаты бойынша қабылданады.

189. Шеберлер қажетті құралдар жиынтығымен, қосалқы бөлшектермен және материалдармен қамтамасыз етіледі. Бөліністердегі шеберлер жұмыстары бөліністер командирлерінің, бөлімнің РХБ қорғаныс қызметі бастығының немесе шеберхана бастығының бақылауымен жүзеге асырылады.

190. Бөліністерде жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде шеберлер осы Нұсқаулықтың 20 қосымшасына сәйкес анықтама жасайды, онда РХБ қорғаныс құралдарының атауы, сериясы, нөмірі, қандай жөндеу жұмыстары жүргізілгені және қандай қосалқы бөлшектер мен материалдардың пайдаланылғандығы көрсетіледі. Анықтамаға бөліністер командирлері қол қояды. Шеберханаға оралғаннан кейін анықтамалар негізінде РХБ қорғаныс құралдарын жөндеуді есепке алу кітабында жұмыстардың орындалуы, сондай-ақ шығындалған қосалқы бөлшектер, аспаптар мен керек-жарақтар және материалдар есепке алынады. Анықтамалар бір жыл бойы кіріс құжаттарымен және есеп құжаттарымен бірге шеберханада сақталады.

191. РХБ қорғаныс құралдарын жөндеумен және қызмет көрсетумен байланысты емес шаруашылық және басқа жұмыстарды орындау үшін шеберхана жеке құрамын қолдануға жол берілмейді.

192. Шеберхана бөлшектер қоймасынан осы Нұсқаулықтың 3 қосымшасына сәйкес жүкқұжаттарды пайдалана отырып, қосалқы бөлшектер, құралдар мен материалдар шығарылады.

Әскери бөлімнің шеберханасында аспаптарды, қосалқы бөлшектерді және материалдарды есепке алу осы Нұсқаулықтың 21 қосымшасына сәйкес қосалқы бөлшектерді, құралдар мен керек-жарақтарды, аспаптар мен материалдарды есепке алу кітабына сәйкес жүргізіледі.

Бұл кітаптың соңында шеберхана жеке құрамына уақытша пайдалануға берілген аспаптар мен құралдарды есепке алу парақтары бөлінеді. Әрбір шеберге жеке шот ашылады.

Есепке алу кітабындағы барлық жазбалар шеберхана бастығымен жүргізіледі.

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету үшін алынған аспаптар, қосалқы бөлшектер мен материалдар шеберхана қоймасында сақталуы тиіс.

193. Жөндеу жұмыстарына қажетті қосалқы бөлшектер мен материалдар жөндеу тапсырмасын алумен бір мезгілде шеберхана бастығымен шеберлерге беріледі.

Жөндеуден өткен РХБ қорғаныс құралдарын шеберлерден қабылдау арқылы шеберхана бастығы бір уақытта олардан РХБ қорғаныс құралдарын жөндеу барысында барлық ауыстырылған және жарамсыз, сондай-ақ жөндеуге жататын бөліктерді де қабылдайды.

РХБ қорғаныс құралдарын жөндеу мен оларға техникалық қызмет көрсетуге шығындалатын қосалқы бөлшектер, аспаптар мен керек-жарақтар осы Нұсқаулықтың 19 қосымшасына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарының әр өніміне жасалған жөндеу жұмыстарын есепке алу кітабында есепке алынады және жөндеуден өткен РХБ қорғаныс құралдарын қабылдаушының қолымен расталады.

Жөнделген РХБ қорғаныс құралдарынан шешілген қосалқы бөлшектер, бөліктер мен тетіктер келесі тәртіпте қолданылады:

1) жөндеуді (қалпына келтіруді) қажет ететіндер – бөлімнің шеберханасында қалпына келтіріледі және ары қарай жөндеу жұмыстарын жүргізуге пайдаланылады;

2) жөндеуге жатпайтын қосалқы бөлшектер, тетіктер мен бөліктер күнделікті жұмыс орындарынан алынады және олардың ұрлануы мен жоғалуына және ары қарай қолдануға жол бермейтін шеберхана белгіленген орнында сақталады. Есеп әскери бөлім командирімен бекітілгеннен кейін олардың бөліктері ары қарай кәдеге жарату (есептен шығару) үшін бөлімнің қоймасына тапсыралады.

194. Шеберханада жасалған мүліктерге акт жасалады, ол бөлім командирімен бекітілгеннен кейін шеберхананың және РХБ қорғаныс қызметінің есебіне кіргізуге негіз болып табылады. Актіде жаңадан жасалған заттардың атауы, олардың саны және техникалық сипаттамаға сәйкестігі көрсетіледі.

195. Жабдықты жөндеу кітабындағы жазба негізінде ай сайын шеберхана бастығы жөнделген РХБ қорғаныс құралдарының көлемін және пайдаланылған қосалқы бөлшектер мен материалдарды кітапқа жазба жазу арқылы қорытындылауы тиіс.

196. РХБ қорғаныс құралдарына қызмет көрсету шеберханалары мен бөліністеріне белгіленген нормалар бойынша берілетін шығыс материалдары мен құрылғылары осы

материалдарды бергендігі туралы жүкқұжат негізінде әскери бөлімнің есебінен шығарылады.

197. Шеберхана бастығы жарты жылда бір рет әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің бастығына осы Нұсқаулықтың 22 қосымшасына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарын жөндеуді есепке алу журналындағы ай сайынғы жазбалар негізінде жұмсалған, құрастырылған материалдардың шығынын 2 данада ұсыну арқылы есеп береді.

РХБ қорғаныс қызметінің бастығы есепті тексереді, оған қол қояды және әскери бөлім командиріне бекітуге ұсынады.

Бекітілген есептің бір данасы шеберхана бастығына қайтарылады, ол пайдаланылған қосалқы бөлшектерді, құралдар мен керек-жарақтарды, материалдарды шеберханадан есептен шығаруға негіз болып табылады. Есептің екінші данасы әскери бөлімнен және шеберханадан есептен шығару үшін РХБ қорғаныс қызметінің ісінде қалады.

198. Әскери техникаға қондырылған РХБ қорғаныс құралдарын техникалық байқауы арнайы көліктерді тексерумен бір мезгілде жүргізілуі тиіс. Осы РХБ қорғаныс құралдарының жай-күйі туралы қорытындыны бөлімнің РХБ қорғаныс қызметінің мамандары береді.

199. Әскери бөлімдердің шеберханаларындағы РХБ қорғаныс құралдарының жөндеу жұмыстары мен техникалық қызмет көрсету сапасын бақылауды РХБ қорғаныс қызметінің бастығы жүзеге асырады.

200. РХБ қорғаныс құралдарына техникалық қызмет көрсету олар қолдануда, қысқа және ұзақ уақыт сақтауда болғанда жүргізіледі, соған байланысты олардың мазмұны мен орындалатын жұмыстар көлемі өзгереді.

201. Әскери бөлімдер мен бөліністердің командирлері РХБ қорғаныс құралдарына уақтылы техникалық қызмет көрсетуді және тексеруді ұйымдастырады.

202. Әскери бөлімдер мен бөліністер командирлері техникалық қызмет көрсетуді жүргізу үшін қажетті уақыт пен жеке құрамды жоспарлайды және бөледі, сондай-ақ белгіленген мерзімде барлық жұмыс көлемінің тура орындалуын талап етеді.

203. Техникалық қызмет көрсету пайдаланудың құрамдас бөлігі болып табылады және олардың жиынтықталуы мен ақаусыздығын тексеру, пайдалану материалдарымен жуу, тазалау, құрылымдау мен ретке келтіру, майлау мен жанармай құю (толық жанармай құю), ақаулары мен кемшіліктерін жою, шекті сақтау және қызмет мерзімі бар бөліктерін ауыстыру, өлшеу құралдарын тексеру жұмыстарынан тұрады.

204. Техникалық қызмет көрсетудің келесі түрлері бөлінеді:

- 1) бақылау тексеру (бұдан әрі – БТ);
- 2) күнделікті техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – КТҚК);
- 3) № 1 техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – ТҚК-1);
- 4) № 2 техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – ТҚК-2);

5) маусымдық техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – МТҚК);

6) регламентті техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – РТҚК).

205. Техникалық қызмет көрсетудің немесе регламенттің әрбір түрі үшін үлгілердің пайдалану құжаттамасына сәйкес операциялар тізбесі, жұмыс көлемі, операция мен жұмысты орындау реті мен технологиясы, сондай-ақ оларды орындауға қажетті уақыт белгіленеді.

206. БТ РХБ қорғаныс құралдарының қолдануға әзірлігі мен жай-күйін тексеру мақсатында жүргізіледі.

БТ РХБ қорғаныс құралдарын пайдалану (қолдану) алдында және РХБ қорғаныс құралдары бекітілген жеке құраммен жүргізіледі.

207. КТҚК техникалық жай-күйін және РХБ қорғаныс құралдарының одан әрі пайдалануға дайындығын тексеру мақсатында жүргізіледі.

КТҚК қолдануға дайындық кезінде және қолданғаннан кейін жүзеге асырылады. Күнделікті техникалық қызмет көрсетуді оларға бекітілген жеке құрам жүргізеді.

208. ТҚК-1 және ТҚК-2 жүргізу жоспарлы болып табылады және РХБ қорғаныс құралдарымен белгілі бір жұмыс көлемі орындалғаннан кейін жүргізіледі. ТҚК-1 және ТҚК-2 РХБ қорғаныс құралдарын ақсаусыз күйде ұстау, оларды қолданудың тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың тозу қарқындылығын төмендету мен істен шығу ықтималдығының алдын алу мақсатында жүргізіледі.

209. ТҚК-1 негізінен агрегаттарды бөлшектемей орындалатын барлық КТҚК операцияларын, сондай-ақ пайдалану құжаттамасында белгіленген бақылау-диагностикалық, реттеу, майлау және басқа да операцияларды қамтиды.

ТҚК-1 РХБ қорғаныс құралдары бекітілген жеке құраммен әскери бөлімнің жөндеу жүргізу және техникалық қызмет көрсету бөліністерінің күштері мен құралдарын тартумен жүргізіледі.

210. ТҚК-2 ТҚК-1-дің барлық операцияларын, сонымен қатар орындау үшін жекелеген тетіктерді, механизмдерді, тораптарды, жабдықтарды бөлшектеуді талап ететін пайдалану құжаттамасында көрсетілген параметрлерге сәйкес келмейтін мерзімі өткен немесе белгіленген қызмет мерзімін өткізген құрастыру қондырғыларын ауыстырумен белгіленген қосымша операцияларды қамтиды.

211. МТҚК РХБ қорғаныс құралдарын қысқы немесе жазғы мезгілде жұмыс жағдайында пайдалануға дайындау мақсатында жүргізіледі. МТҚК жылына екі рет әскери бөлімнің жөндеу жүргізу және техникалық қызмет көрсету бөліністерінің күштері мен құралдарын тарту арқылы есептоптардың күшімен жүргізіледі.

212. РТҚК РХБ қорғаныс құралдарын тұрақты техникалық әзірлікте ұстау мақсатында жүргізіледі. РТҚК ұзақ мерзімді сақтауда тұрған арнайы техника мен РХБ қорғаныс құралдарының белгіленген мерзімдерінде жүргізіледі.

213. Бөліністердегі жеке қорғаныс құралдарына ТҚК олар бекітілген әрбір әскери қызметшімен, оларды алу және қолдану кезінде, "жауынгерлік" және "бастапқы"

қалпына келтіру арқылы қолданғаннан, сонымен қатар сабақтардан кейін жүргізіледі. Жеке қорғаныс құралдарына ТҚК жүргізу күнделікті және кезеңді қызмет көрсету жұмыстарын қамтиды.

214. КТҚК бөлімше (взвод) командирлерінің басшылығымен немесе өз бетінше дердес ұйымдастырылып жүргізіледі. мерзімдік КТҚК жүргізу бөліністер командирлерінің басшылығымен қару-жараққа, әскери және басқа да техникаға техникалық қызмет көрсету күндерінде жүргізіледі.

215. Бөліністерде РХБ барлау құрылғыларына, радиациялық бақылауға және арнайы өңдеу жиынтықтарына техникалық қызмет көрсету қолданудан (пайдаланудан) кейін взвод командирінің басшылығымен жүзеге асырылады.

216. РХБ қорғаныс құралдарын санаттау олардың санаттарын құжатты түрде ресімдеу немесе бір санаттан екінші санатқа ауыстыру мақсатында жүргізіледі.

217. Жөндеуге жататын РХБ қорғаныс құралдары техникалық жай-күйіне қарай бес санатқа бөлінеді:

1) бірінші санат – толық жиынтықталған және мақсаты бойынша пайдаланылмаған ақаусыз үлгілер (техникалық сипаттамалары пайдалану құжаттамасында, техникалық шарттарда немесе мемлекеттік стандарттарда белгіленген мазмұндарына сәйкес келеді);

2) екінші санат – толық аяқталған, бұрын немесе мақсаты бойынша пайдалануда, сондай-ақ орташа (күрделі, регламентті) жөндеуден өткен, пайдалануға жарамды ақаусыз үлгілер (техникалық сипаттамалары пайдалану құжаттамасында, техникалық шарттарда немесе мемлекеттік стандарттарда белгіленген мазмұндарына сәйкес келеді);

3) үшінші санат – орташа жөндеуді қажет ететін үлгілер;

4) төртінші санат – күрделі (регламентті) жөндеуді қажет ететін үлгілер;

5) бесінші санат – мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз, қалпына келтіру мүмкін емес немесе экономикалық тұрғыдан тиімсіз үлгілер.

218. РХБ қорғаныс құралдарының сапасына және жөндеудің әр түрлі түрлерін жүргізу қажеттілігіне байланысты жөндеуге жатпайтын РХБ қорғаныс құралдары осы Нұсқаулықтың 23 қосымшасына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарының нақты үлгілеріне арналған пайдалану-жөндеу құжаттамасында келтірілген.

Ағымдағы жөндеу жұмыстарын және толық жиынтыққа келтіру арқылы кемшіліктері жойылуға жататын РХБ қорғаныс құралдарының ақаулары мен жетіспеушіліктері өнімдерді төменгі санаттарға ауыстыруға негіз болып табылмайды. Әскери бөлімнің күштері мен құралдары арқылы кемшіліктері жойылуға жататын РХБ қорғаныс құралдарын үшінші санатқа ауыстыруға рұқсат етілмейді.

219. Жөнделген үлгілердің санаттары және жарамдылық дәрежесін жөндеуге келмейтін үлгілер үшін оларды РХБ қорғаныс құралдарының техникалық (сапалық) жағдайын анықтайтын комиссия белгілейді.

Арнайы көліктердің санаты қозғалыс құралдарының немесе арнайы құрылғылардың ең төменгі санаты бойынша белгіленеді.

220. РХБ қорғаныс құралдарының санаттарын белгілеу келесідей жүргізіледі:

1) оларды әскери бөлімнің қоймасына қабылдаған кезде;

2) қоймалар мен бөліністерде жоспарлы техникалық тексерулерді жүргізу кезінде;

3) түгендеу және қайта тіркеу жұмыстарын жүргізу кезінде;

4) жөндеуге түскен кезде және жөндеу бөліністерінде жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін;

5) РХБ қорғаныс құралдарының нақты жағдайын есепке алу құжаттары бойынша оған берілген санатқа сәйкес келмеген барлық басқа жағдайларда;

б) зертханалық сынақтар нәтижесі бойынша.

221. Бұрын пайдалануда болған және әскери бөлімге немесе қоймаға техникалық төлқұжатынсыз (формулярсыз) түскен және олардың жай-күйі туралы мәліметтері жоқ аспаптар мен аппараттардың санаттарын белгілеу әскери бөлімнің техникалық тексерісі арқылы белгіленеді.

222. РХБ қорғаныс құралдарының санаттарын белгілеу кезінде пайдалану мен сақтаудың белгіленген кепілдік мерзімдерін, формулярлардағы кепілдік жұмыс көлемдерін, техникалық қорларын (қызмет мерзімдерін) басшылыққа алу қажет.

223. Жаңартудан немесе конструкциялық өзгерістерден өтіп жатқан бірінші және екінші санаттағы РХБ қорғаныс құралдары төменгі санатқа ауыстырылмайды.

224. Техникалық қорлары (қызмет мерзімі) белгіленбеген РХБ қорғаныс құралдарының санаттарын белгілеу олардың нақты жағдайы бойынша айқындалады.

225. Әскери бөлімде РХБ қорғаныс құралдарын тексеру және акт жасау кезінде төменгі санатқа ауыстыру үшін комиссия құрамына РХБ қорғаныс қызметінің бастығы қосылуы керек.

226. Әскери бөлімде тұрған РХБ қорғаныс құралдарын төменгі санатқа ауыстыру әскери бөлім командирімен тағайындалған комиссиямен жасалатын актілер негізінде жүргізіледі.

227. Қару-жарақ (жабдықтау) есебінен алынған, сондай-ақ сынау кезінде немесе белгіленген қызмет ету мерзімі (сақтау, жарамдылық мерзімі) өткеннен кейін жарамсыз болып қалған РХБ қорғаныс құралдарын, егер олардың сапалық (техникалық) жай-күйіне байланысты оларды есептен шығару жөндеуге (жарамдылық күйіне келтірілген) және мақсаты бойынша пайдалану Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Доңғалақты (шынжыр табанды) көлік құралдарының (тіркемелердің) шассиіне орнатылған арнайы қондырғыларды (агрегаттарды, құрылғыларды) есептен шығару актілері арнайы қондырғыға (агрегаттар, құрылғылар) және негізгі көлік құралына (тіркемеге) бөлек жасалады.

РХБ қорғаныс құралдарының тәжірибелік үлгілерін есептен шығару олардың нақты техникалық жай-күйіне сәйкес жүзеге асырылады.

228. Белгіленген сақтау мерзімі (қызмет ету мерзімі) өткеннен кейін РХБ қорғаныс құралдарының үлгілері олардың техникалық жай-күйін тексерген әскери бөлім комиссиясының қорытындысы негізінде белгіленген тәртіпте 5 санатқа ауыстырылуға жатады. Үлгілердің қызмет ету мерзімі (қызмет мерзімі) аяқталған жағдайда есептен шығарылғанға дейін олар мақсаты бойынша пайдалануға жарамды, оларды әскери бөлім комиссиясының қорытындысы бойынша істен шыққанға дейін пайдалануға рұқсат етіледі, содан кейін олар белгіленген тәртіпте есептен шығарылады.

Күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылмаған ағымдағы қамтамасыз ету запастарының РХБ қорғаныс құралдарының үлгілері үшінші жоспарлы орташа жөндеуге дейін олардың қызмет ету мерзімі (пайдалану мерзімі) аяқталғаннан кейін немесе жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін техникалық жай-күйі бойынша есептен шығаруға жатады.

229. Арнайы көліктердің есептен шығарылған арнайы құрылғысы қозғалыс құралдарынан алынып бөлшектеледі. Ақаусыз және жөндеуге жататын қосалқы бөлшектер мен арнайы құрылғының жиынтық өнімдері әскери бөлімдерде, жөндеу бөліністерінде шоғырландырылады және есепке алынады, ары қарай арнайы көліктерді жөндеу кезінде қолданылады.

230. Апаттар мен қираулар салдарын жою кезінде зақымдалған арнайы көліктерге жөндеу жүргізу немесе оларды есептен шығару олардың нақты техникалық жай-күйі бойынша белгіленген жұмыс істеу нормаларына (қызмет мерзіміне) қарай жүзеге асырылады.

231. Залалсыздандыру, газсыздандыру және дезинфекциялаушы заттар мен ерітінділер белгіленген сақтау мерзімдерінен кейін ағымдағы қамтамасыз ету запастарына ауыстырылады, ал техникалық шарттарға сәйкес келмеген жағдайда белгіленген тәртіпте есептен шығарылады.

232. Құтқару жұмыстарын, авариялар мен табиғи апаттар салдарын жою кезінде, сондай-ақ қолбасшылық жоспарлары бойынша жүргізілетін сынақтар мен тәжірибелік жұмыстарды жүргізу кезінде жауынгерлік даярлыққа қолданылатын пайдалану және шығыс материалдарын есептен шығару тәртібі осы Нұсқаулықпен белгіленбеген жағдайда оларды есептен шығару әскери бөлім командирімен бекітілген актілер негізінде жүргізіледі.

233. Кез келген үлгінің өмірлік кезеңінің соңғы кезеңі болып оны кәдеге жарату болып табылады. РХБ қорғаныс құралдарын жою, бұл – әскери бөлімдердің қажеттілігі үшін материалдар мен өнімдер процесі нәтижесінде алынғандарды тиімді қолдану мақсатында босаған РХБ қорғаныс құралдарын демилитаризациялау,

диверсификациялау және қайта өңдеуді қамтамасыз ететін техникалық-ұйымдастырушылық, экономикалық, ғылыми, экологиялық және өзге де іс-шаралар мен процестердің кешені (жиынтығы).

234. Әскери бөлімдерде РХБ қорғаныс құралдарын кәдеге жарату "Қолданылмаған мүліктерді жою, кәдеге жарату, көму және қайта өңдеу әдісі арқылы жою, тапсыру, жүзеге асыру, сонымен қатар қолданылмаған қорғаныс объектілерін мүліктік жалға ұсыну Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 06 қарашадағы № 832 Қаулысы негізінде әскери бөлімдерде РХБ қорғаныс құралдарын кәдеге жарату ұйымдастырылады.

235. Жауынгерлік және арнайы даярлық барысында пысықталған, пайдалану кезінде ауаны химиялық регенерациялау құралдарының патрондары мен брикеттері істен шыққан жойылуға тиіс. Оларды жою бөлім командирінің бұйрығымен тағайындалған комиссиямен жасалған актісімен ресімделеді.

236. Патрондар мен брикеттер олардың құрамындағы заттарды суда ыдырату немесе жағу арқылы жойылады. Өнімдер кілтпен (балтамен) ашылады (бұзып ашылады), бұл кезде аспап майланбаған болуы тиіс. Патрондар мен брикеттерде тұрған өнімдерді ашу көзілдірікті, резіңкелі қолғап пен жамылғыны кию арқылы жүргізілуі тиіс, өйткені ыдырау кезінде пайда болған заттар тері мен көзге түсіп, олардың зақымдалуын тудырады.

237. Жағу әдісі арқылы жою үшін ашылған патрондар мен брикеттер арнайы дайындалған жерге қойылып, олар шырпымен немесе құрғақ, майдалап жарылған отынмен жабылады. Содан кейін отын (шырпы) жағылады. Оны жаққаннан кейін оттың және жану заттарының әсерінен өзінің қауіпсіздігін сақтау үшін оттан алшақ жерге барып жасырыну керек. Толық жанып бітпейінше отқа жақындауға болмайды. Жану заттары қатты тұрмыстық қалдықтар ретінде жойылады.

238. Патрондар мен брикеттердің құрамындағы заттарды суда ыдырату арқылы жою үшін ашылған өнімдерді су ыдысына батыру керек. Патрондарды су қоймаларында жоюға жол берілмейді. Суға батыру арқылы жойылған кезде көп мөлшерде оттегі бөлініп, калий, натрий және кальций сілтілерінің ерітіндісі бөлінеді. Патрондарды жою кезінде газ көпіршіктерінің бөлінуінің тоқтауы оттегісі бар заттардың толық ыдырағандығын көрсетеді. Алынған ерітінді залалсыздандырылады және оны кәдеге жарату (жою) үшін тұрақты орналасу орны бойынша сұйық қалдықтарды өңдеу ғимаратына беріледі.

239. Патрондар мен брикеттерді жою кезінде жол берілмейді:

- 1) бензинді, керосинді және басқа да жанғыш сұйықтықтарды пайдалануға;
- 2) ауаны химиялық қалпына келтіру құралдарының барлық органикалық заттарына және ерітінділеріне әсер етуіне жол беруге;
- 3) өнімнің қаптамасын лақтыруға және оны үйіп тастауға;

4) жанған жағдайда сумен немесе көмірқышқылды өрт сөндіргіштермен сөндіру керек.

Жойылғаннан кейін қалған металл корпустар қауіпті емес, металл сынықтары ретінде жойылады.

5 тарау. РХБ қорғаныс құралдарын сақтау

1 - параграф. Әскери бөлімдердің қоймаларында РХБ қорғаныс құралдарын сақтау

240. Әскери бөлімдердің қоймаларында РХБ қорғаныс құралдарын сақтау осы Нұсқаулықтың талаптарына және РХБ қорғаныс құралдарының нақты үлгілеріне арналған пайдалану құжаттамасына сәйкес ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

241. РХБ қорғаныс құралдарын сақтау пайдалану кезеңдерінің бірі болып табылады және сақтау орындарында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайларды сақтай отырып, қызмет көрсетілетін, сақталған РХБ қорғаныс құралдарын ұстаудан және жеткізу дайындығынан тұрады.

242. РХБ қорғаныс құралдарын сақтау мыналарды қамтиды:

1) анықталған кемшіліктерді жою арқылы саны мен техникалық (сапалық) жай-күйі бойынша тексеруді қамтитын сақтауға дайындау, техникалық қызмет көрсету және орнатылған құралдар мен әдістерді қолдану арқылы консервациялауды жүргізу;

2) сақтау орындарын дайындау, олардағы қажетті жағдайларды (температура мен ылғалдылық) қамтамасыз ету және ұстау;

3) жасыру және сақтау жағдайларына қойылатын талаптарды ескере отырып, сақтау орындарына орналастыру;

4) белгіленген мерзімдерде күту, тексеру, сынау, бақылау тексерістері мен техникалық қызмет көрсетуді анықталған кемшіліктерді жою арқылы жүргізуді қарастыратын, соның ішінде кешенді техникалық қызмет көрсету және арнайы машиналарды, жарамдылық мерзімі шектеулі сергіту қорлары мен тетіктерін сынау, қайта консервациялау, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар мен баллондарды техникалық сараптау, бақылау-өлшеу құралдарын тексеру (аттестаттау) және басқа жұмыстарды сақтау орындарында жүргізу.

243. Консервация қоршаған ортаға әсер етуді азайту және жою арқылы РХБ қорғаныс құралдарын коррозиядан, ескіруден және биологиялық зақымданудан қорғауға бағытталған пайдалану құжаттамасында көзделген техникалық іс-шаралар кешенін орындаудан тұрады.

244. Сақтауға тек жарамды, бірінші және екінші санаттағы, толық жабдықталған және қызмет көрсетуге жарамды РХБ қорғаныс құралдары қойылады. Техникалық қызмет көрсету және консервациялау жұмыстарының көлемі толық аяқталмаған РХБ қорғаныс құралдарын сақтауға жол берілмейді.

245. Кепілдік міндеттемелерді барлық РХБ қорғаныс құралдарының формулярлары мен төлқұжаттарына орнатуды және енгізуді өндіруші жүзеге асырады. Кепілдік міндеттемелерінің көрсеткіші – өндірушінің белгіленген сапа талаптарының сәйкестігіне кепілдік беретін кепілдік мерзімі.

246. Кепілдік мерзімінің аяқталуы (кепілдік мерзімінен басқа) үлгіні төменгі санатқа ауыстыру үшін немесе есептен шығару үшін негіз болып табылмайды. Кепілдік мерзімі белгіленген РХБ қорғаныс құралдарының үлгілері осы мерзім өткеннен кейін есептен шығарылады, оқу санатына ауыстырылады немесе оларды пайдалану жөніндегі басшылықтың (нұсқаулықтың) нұсқауларына сәйкес жойылады.

247. Газсыздандыратын заттарды сақтау (елестеткіш оқу әдістері) осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

248. Әскери бөлімдердің РХБ қорғаныс құралдарын сақтауға жауапты лауазымды тұлғалар осы Нұсқаулықтың және пайдалану құжаттамасының талаптарын қатаң түрде орындайды. Олар РХБ қорғаныс құралдарының қажетті техникалық жағдайын мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

249. Қоймаларда РХБ қорғаныс құралдарын сақтау кезіндегі жалпы өрт қауіпсіздігі талаптары осы Нұсқаулықтың 24 қосымшасында берілген. Қойма күзеті мен өртке қарсы күзеті Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Жалпыәскери жарғыларының талаптарына сәйкес ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

2 - параграф. РХБ қорғаныс құралдарын сақтау жағдайлары

250. РХБ қорғаныс құралдарын сақтау жағдайлары олардың орналасқан жерін және оралған және консервацияланған өнімдерге әсер ететін климаттық және биологиялық факторлардың жиынтығын білдіреді.

251. Сақтауға әсер ететін негізгі климаттық-биологиялық факторларға температура, ауа ылғалдылығы, конденсацияланған ылғал (шық, тұман, аяз), ластанған ауаның коррозиялық агенттері, күн радиациясы, жауын-шашын (жаңбыр, қар, бұршақ), жел, зең саңырауқұлақтары, бактериялар, сондай-ақ жәндіктер, кеміргіштер және құстар жатады.

252. Сақтаудың оңтайлы жағдайлары мыналар болып табылады:

Ыдыстарды тексеру кезінде қораптар мен жәшіктердің жұмысқа жарамдылығы, жәшіктердегі сүзгі сіңіргіштердің сенімді бекітілуі, таңбалардың болуы мен анықтығы, қораптардағы тығыздағыштардың, ысырмалардың және ілмектердің және жәшіктердегі жиек таспасының тұтастығы тексеріледі.

Сіңіргіш сүзгілер мен алдын ала сүзгілерді тексеру кезінде таңбалау және бояу сапасы, корпустардың көгерген-көгермегені, кіріс және шығыс саңылауларындағы тығыздағыштар мен тығындардың болуы және тұтастығы, сіңіргіш сүзгілерінде шихтаның төгілуінің бар-жоғы тексеріледі. Резеңкеден және резеңкеленген матадан жасалған бөлшектерді тексерген кезде жарықтар мен жыртылулардың бар-жоғы тексеріледі. Электр желдеткіштерін тексеру кезінде электр кабелінің сапасы және кіріс-шығыс саңылауларындағы тығындардың болуы тексеріледі. Басқа тетіктер мен бөлшектерді тексерген кезде коррозиясының немесе биологиялық зақымдануының бар-жоғы және консервациялау сапасы тексеріледі.

Ұжымдық қорғаныс объектілері үшін ауаны тазарту өнімдері сақтау алдында консервациялануы керек. Консервациялау пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Консервацияланған түрде түскен өнімдер сақтау алдында қосымша консервациялауға жатпайды.

341. Жәшіктерге салынған жылжымалы объектілердің сүзгі желдеткіш қондырғылары (бұдан әрі – ЖҚ) жауын-шашыннан және жер асты суларынан қорғалған табиғи желдеткіші бар құрғақ бөлмеде жиынтықта сақталады.

Консервацияланған жылжымалы объектілерде сүзгілі желдеткіш қондырғылары консервацияланады.

Қондырғының консервацияланған түрдегі жұмыс істеу қабілеттілігі объектілерді жоспарлы тексеру кезінде барлық құрамдас бөліктерін қарап-тексеру арқылы тексеріледі.

Тексерулер мен сынақтардың көлемі мен кезеңділігі осы Нұсқаулықтың 32 қосымшасында келтірілген.

ЖҚ-ны тексеру кезінде мыналар тексеріледі:

- 1) жәшіктердің жай-күйі, ыдыстағы белгілердің болуы және сапасы;
- 2) құрамдас тетіктері мен бөлшектердің болуы (орау парақтарымен салыстырылады);
- 3) кестелердің болуы мен таңбалау сапасы;
- 4) сіңіргіш сүзгі мен алдын ала сүзгі корпусында тоттың, көгерудің, саңылаулардың және жарықтардың бар-жоғы;
- 5) сіңіргіш сүзгісінде және сүзгіалдыда тығындардың болуы;
- 6) шихтаның төгілуінің болмауы;
- 7) бояудың жоңқаларының, қажалуларының, ісінуінің және қабыршақтарының болмауы;
- 8) байлау қысқыштарының ақаусыздығы.

Тексеру кезінде өнімдерде анықталған бояу жабындыларының бұзылуы, тот басу, таңбалау сапасының ақаулары және басқа да ақаулары жойылады.

Ақаулар анықталған жағдайда қалған қондырғыларды тексеру туралы шешім әрбір нақты жағдайда сипатына қарай және анықталған ақаулар саны жеке қабылданады.

Ауаны тазарту өнімдері өндіруші мекеменің ыдыстарында қапталған күйінде сақталады.

Сақтау кезінде өнімдер жауын-шашыннан және металл коррозиясынан және материалдардың бүлінуін тудыратын басқа заттардан қорғалады.

Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде өнімдерді лақтыруға және соққыларға тартуға жол берілмейді. Объектілердегі коллекторлық сүзгі-желдету қондырғылары консервацияланады. Тексерулер мен сынақтардың көлемі, кезеңділігі осы Нұсқаулықтың 32 қосымшасында келтірілген.

Тексеру кезінде өнімдерде анықталған бүлінген бояу жабындылары, тот басулар, таңбалау сапасының ақаулары және басқа да ақаулар тексеру кезінде жойылады.

Тот басқан жерлер тазаланады және боялады, бұл ретте барлық белгілер сақталады.

342. РХБ барлау құрылғылары штабельдерде зауыттық қаптамада сақталады. Қоймаларда РХБ барлау құралдарын сақтау жәшіктерінде стеллаждарда сақтауға рұқсат етіледі. Сақтау жәшіктеріндегі индикаторлық құралдардың жиынтықтары алынады және қататындарынан басқасы жылытылмайтын қоймаларды сақталады.

Жылытылатын қоймалар болмаған жағдайда РХБ барлау құрылғыларын жылытылмаған қоймаларда уақытша (бір жылға дейін) сақтауға рұқсат етіледі, бірақ бұл жағдайда құрылғылар "Тысы" әдісімен сақталады.

Тексерулер мен сынақтардың көлемі, кезеңділігі осы Нұсқаулықтың 32 қосымшасында келтірілген.

РХБ барлау құрылғылары сақтау алдында консервациялауға жатады. Консервациялауды жүргізу пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бір жылдан астам уақытқа сақтауға арналған РХБ барлау құрылғылары "Тысы" әдісімен сақталады.

Құрылғыларды жылытылатын қоймаларда бір жылға дейін сақтау кезінде консервациялау бояусыз металл беттерге консервациялау майларын жағу және құрылғыларды зауыттық қаптамасына салу арқылы жүзеге асырылады.

Батареялар мен басқа да қуат көздері құрылғылар жиынтығына кіреді және бөлек сақталады.

Мөлшерін өлшегіштер пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес қуатталған күйде сақталады.

РХБ барлау құрылғыларын қарап-тексеру кезінде мыналар тексеріледі: блоктар мен тораптардың болуы, толықтығы, жағдайы, корпусы, жұмысқа жарамдылығы, әйнегінің бүтіндігі, өлшеу құралының көрсеткісінің орналасуы, басқару тұтқалары мен

ауыстырып қосқыштардың болуы және жұмысқа жарамдылығы, тығыздағыш элементтері, штепсельдік қосқыштары мен жинаққа кіретін батареялар және басқа бөлшектер қораптарының коррозиясының немесе биологиялық зақымының бар-жоғы.

Қолданылған РХБ барлау құрылғыларын қабылдау кезінде пайдалану нұсқауларының талаптарына сәйкес толық тексеру және өнімділігін тексеру жүргізіледі.

Жұмыс қабілеттілігін тексеру РХБ барлау құрылғыларының пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бір мезгілде өнімділік сынағымен кептіргіштің ылғалдану дәрежесі таразылау арқылы бақыланады. Кептіргіштің салмағының өсімі 18%-дан аспауы тиіс.

Химиялық барлау және бақылау құралдары жылытылмайтын қоймаларда зауыттық қаптамада сақталады.

Химиялық барлау аспаптары мен далалық химиялық зертханаларды тексеру кезінде олардың толықтығы, металл қаптамалардың зақымдануы мен ілмектерінің бар-жоғы, шыны құрамдас бөліктерінің күйі, реактивті жабынының герметикалығы, реактивтердің жарамдылық мерзімі, таңбалау сапасы, сенімділігі және ұяларға бекіту заттарының тиімділігі тексеріледі.

Индикаторлық құралдар мен жиынтықтарды және реактивтерді тексеру кезінде ампуланың, реактивтері бар шынылардың жай-күйі, жапсырмаларының болуы мен нақтылығы тексеріледі.

Индикаторлық түтіктерді тексеру кезінде механикалық зақымдануы, түсті эталондарды және кассеталардағы жазуларды қолдану сапасы, түтіктердегі толтырғыштардың және ампулалардағы ерітінділердің күйі мен түсі тексеріледі.

Индикаторлық түтіктердің, индикаторлық пленкалардың, индикаторлық құралдар жиынтықтарының, реактивтер жиынтықтарының және жарамдылық мерзімі қысқа ерітінділердің кепілдік берілген жарамдылық мерзіміне ерекше назар аударылады. Кепілдік мерзімі өткеннен кейін бұл өнімдер пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес тексеріледі немесе ауыстырылады.

343. Әскери бөлімдерде радиоактивті көздерді сақтау мен пайдалануды ұйымдастыру үшін радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтар және радиоактивті көздермен жұмыс істеу кезінде болған апаттардың зардаптарын жою жөніндегі нұсқаулықтар әзірленеді.

Радиоактивті көздерді тасымалдау, есепке алу, қабылдап алу және сақтау осы Нұсқаулықтың 33 қосымшасына сәйкес радиоактивті сәулелену көздерінің кірісі мен шығысын есепке алу журналында жүргізіледі. Иондаушы сәулелену көздерінің әрбір түрі мен үлгілері үшін жеке парақтар арналады. Радиоактивті көздермен жабдықталған аспаптарды, аппараттарды және қондырғыларды есепке алу радиоактивті заттарды есепке алудан бөлек жүргізіледі. Журнал үнемі сақталады.

Ыдыстағы, сейфтегі, ампулалардағы және пеналдағы радиоактивті көздер басқа өнімдерден бөлек арнайы жабдықталған қоймаларда (жеркепелерде) сақталады. Әрбір радиоактивті көзге төлқұжат жүргізіледі. Сақтау орындары сәулеленуді әлсірететін құрылғылармен (ұңғымалар, текшелер, сейфтер) жабдықталған рұқсат етілген қашықтыққа дейін, желдету, контейнерлерді көтеруге арналған құрылғы және көзді қашықтан қайта орау құрылғыларымен жабдыкталады.

Сақтау орындарында радиоактивті көздерді қайта ораудан басқа кез келген жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді. Радиоактивті көздерді сақтау орындары күзет дабылдарымен жабдыкталады. Радиоактивті көздерді есепке алу мен сақтауға жауапты тұлға оларды сақтау орнында орналастыру сызба-картасын жүргізеді. Сақтау қоймасында радиоактивті көздердің нақты болуы мен орналасуына сызба- картасы жасалуы тиіс.

Радиоактивті көздерді тасымалдау және өңдеу радиация мен ластанудан қажетті қорғанысты қамтамасыз ететін арнайы ыдыстарда (контейнерлерде) жүзеге асырылады. Радиоактивті көздері бар ыдыстарды тиеу және түсіру кезінде тиісті механизмдер (автокрандар, жүкшығырлар және басқа да көтеру құрылғылары) қолданылады.

Радиоактивті көздерді қабылдауды құрамына сақтауға жауапты адамды кіргізумен комиссия жүзеге асырады. Қабылдау кезінде радиоактивті көздерді бақылау ыдыстан (қаптамадан) бетінен 1 м қашықтықта мөлшер жылдамдығын өлшеу, ыдысты сыртқы тексеру және осы өнімдерге арналған құжаттаманы тексеру арқылы жүзеге асырылады. Ыдысты тексерген кезде оның бүтіндігі, таңбалары, пломбалардың болуы, кез келген зақымдалуы тексеріледі. Құжаттаманы тексеру кезінде оның толықтығы мен жазбаларының дұрыстығына назар аударылады.

Қабылдауға түскен радиоактивтік көздер кіріс және шығыс журналында есепке алынады. Жарты жылда бір рет радиоактивті көздерді пайдалану мен сақтау, есепке алу мен түгелдігі, есепке алуы және сақталуы бөлім бойынша бұйрықпен тағайындалған комиссиямен тексеріледі. Тексеру нәтижелері осы Нұсқаулықтың 34 қосымшасына сәйкес актпен ресімделеді.

Радиоактивті көздер көмілуі тиіс. Көму жұмыстары мамандандырылған мекемелермен оларды тасымалдау мен көму бойынша жұмыстарды орындауға жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады. Радиоактивті көздер мен препараттарды есептен шығаруға көму жұмыстарын жүргізген органдармен берілген анықтама негіз болып табылады.

344. Түтіндегіш шашкалары мен түтіндегіш қол гранаталары зауыттық ыдыстарда (қаптамаларда) сақталады. Түтіндегіш шашкалары мен түтіндегіш қол гранаталары бар жәшіктер биіктігі сегіз қатарға дейінгі штабельдерде жиналады. Түтіндегіш шашкалары мен түтіндегіш қол гранаталарын қабылдау кезінде оларды тексеру мен сынау көлемі мен кезеңділігі осы Нұсқаулықтың 32 қосымшасында көрсетілген.

Сақтау процесі кезінде түтіндегіш құралдарының нақты үлгілеріне пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес сапасы мен техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау бойынша жұмыстар атқарылады.

Түтіндегін қол гранаталарын тексеру кезінде оның корпусы мен қақпақтарының механикалық зақымдалуының, су өткізбейтін жабынның бұзылуының, ылғалдың және биологиялық зақымдалуының бар-жоқтығы тексеріледі.

Түтіндегіш шашкаларын тексеру кезінде корпустың механикалық зақымдалуының бар-жоқтығы, бояуының сапасы, корпусында, түбі мен қақпағының корпуспен түйіскен жерлерінде коррозияның бар-жоқтығы және оқшаулағыш таспаның бар-жоқтығы тексеріледі. Қақпақты шешкен кезде ішкі бетінде коррозия және диафрагмадағы фольганың зақымдалуының бар-жоқтығы тексеріледі. Үлкен және шағындалған шашкаларда бұдан басқа соққы механизмдерінің жай-күйі мен электр тұтандырғыш сымдарының дұрыс жиналуы тексеріледі.

Бұл ретте соққы механизмдері мен электр тұтандырғыштарын әрекетке келтіру мүмкіндігін жоққа шығаратын қауіпсіздік талаптары сақталады.

Түтіндегіш шашкалары мен түтіндегіш қол гранаталарын мезгілімен сынау оларды әрекетке келтіру арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда сақтандырғыштың тұтану сенімділігі, тұтану ұзақтығы және түтіннің пайда болу сипаты (біркелкі немесе лүпілдеуші, әлсіз немесе қарқынды) анықталады.

Жану ұзақтығы және түтіннің пайда болу қарқындылығы өнімдердің техникалық сипаттамаларына сәйкес келеді.

Түтін өнімдерін жағу кезінде ақаулар, сақтандырғыштардың лақтырылуы, әлсіз немесе лүпілдеуші түтіннің пайда болуы, отпен жану, диафрагмалардың ағуының және сақтандырғыштардың, корпустың жарылуы болмауы керек.

345. Арнайы өңдеуге арналған құрылғылар мен жиынтықтар штабельдерде зауыттық қаптамада сақталады.

Қабылдау және сақтау кезінде арнайы өңдеуге арналған құрылғылар мен жинақтарды тексеру және сынау көлемі мен кезеңділігі осы Нұсқаулықтың 32 қосымшасында келтірілген.

Қабылдау кезінде және жөнелтудің алдында барлық ыдыстар тексеріледі. Ыдыстарды тексеру кезінде құлыптардың жарамдылығы, жәшіктердің зақымдануының жоқтығы мен пломбалардың болуы тексеріледі. Аспаптар мен жинақтарды тексеру кезінде өнімдердің толықтығы, консервациялық майлау материалдарының болуы, лак-бояу жабындарының және резеңке-мата түтіктерінің жай-күйі, крандар мен клапандардың жұмысқа жарамдылығы, тетіктер мен бөлшектерде коррозиялық және биологиялық зақымданулардың бар-жоқтығы тексеріледі.

Бұрын қолданылған аспаптар мен жиынтықтарды сақтауға қабылдау кезінде олар толық бақылауға, барлық бөлшектер мен тетіктерінің толықтығын, жай-күйін тексеруге және шлангтердің гидравликалық сынақтарын жүргізуге жатады.

Аспаптар мен жиынтықтарды консервациялау өнімге арналған пайдалану нұсқаулығына сәйкес жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік зауыттардан консервацияланған күйінде сақтауға алынған құрылғылар мен жиынтықтар формулярларда жазбалар болған жағдайда қосымша консервациялауға жатпайды.

346. Газсыздандыратын, залалсыздандыратын заттар мен құрамдар жанғыш заттар мен сұйықтар болып табылады. Сақтау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақталуы тиіс.

Ағаш бөшкелердегі, жәшіктердегі, фанерадағы және мырышталған темір барабандардағы, қағаз және полиэтилен пакеттердегі газсыздандыратын, залалсыздандыратын заттар жылытылмайтын қоймаларда сақталады.

Газсыздандырғыштар мен құрамдар қалқалар астында темір бөшкелерде немесе ашық алаңдарда сақталады.

Дихлорэтан темір бөшкелерде (цистерналарда және стационарлық сыйымдылық ыдыстарда) жылытылмайтын қоймаларда, қалқа астында немесе ашық алаңдарда сақталады.

Сақтау орындары болмаған жағдайда дихлорэтанды темір бөшкелерде басқа мүліктерден бөлек ашық алаңдарда уақытша сақтауға рұқсат етіледі.

Дихлорэтанды сақтауға арналған алаңдар мен қалқаларға бөгде тұлғалардың кіруіне жол бермеу үшін қоршау орнатылады және қақпалар құлыпталады. Сақтау орындары мен алаң қақпаларының есіктері берік құлыпталады және пломбаланады. Дихлорэтан бар сақтау орындары, қалқалар мен алаңдар күзетіледі.

Дихлорэтан сақталатын ыдыстардың барлық қабылдау және ағызу құрылғылары ақаусыз және пломбаланған болуы тиіс.

Дихлорэтанмен жұмыс істейтін және оны сақтайтын жеке құрам дихлорэтанмен қауіпсіз жұмыс істеу ережелеріне қол қою арқылы нұсқаулықтан өтеді. Сынау үшін дихлорэтанды қабылдауды, сақтауды және сынамаларын алуды әскери бөлім командирінің бұйрығымен тағайындалатын комиссия жүзеге асырады. Комиссия құрамына дихлорэтанның қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар кіреді. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша актілер жасалады. Дихлорэтан әскери бөлім командирінің жазбаша өкімімен ғана беріледі. Әскери бөлімде нақты жағдайларға байланысты қауіпсіздік талаптары, сақтау және дихлорэтанмен жұмыс істеу бойынша нұсқаулықтар әзірленеді және бекітіледі.

Қабылдау және сақтау кезінде газсыздандыру, дезактивациялаушы заттар мен әдістері, сынау көлемі, жиілігін тексеру осы Нұсқаулықтың 32 қосымшасында келтірілген.

Ыдыстарды сырттай тексеру кезінде мыналар тексеріледі:

1) ағаш жәшіктерде - ағаш бөлшектердің зақымдануы және металл бөліктерінде (іلمектерде, ысырмаларда) коррозиясының бар-жоқтығы, таңбалаудың болуы және жай-күйі, пломбалардың бүтіндігі;

2) ағаш бөшкелерде – бөшкелердің бүйірлік және шеткі пластинкаларының бүтіндігі, құрсауларда коррозияның бар-жоқтығы, таңбалардың болуы және жай-күйі;

3) темір бөшкелерде – бөшкелер мен қақпақтардың герметикалығы, қақпақтардың болуы, лак-бояу жабынының жай-күйі, таңбалаудың болуы және пломбалардың бүтіндігі;

4) темір (мырышталған) барабандарда - коррозиясының бар-жоқтығы (ақ иек) және барабандағы өнім қалдықтары, тігістердің герметикалығы, сусымалы люктер мен сынама алуға арналған люктер, таңбалардың болуы және жай-күйі, пломбалардың бүтіндігі;

5) теміржол цистерналарында, стационарлық резервуарларда – люктер мен шүмектердің герметикалығы, таңбалар мен сәйкестендіру белгілерінің болуы мен жай-күйі, пломбалардың бүтіндігі тексеріледі. Өнімнің ағуы немесе төгілуі анықталған жағдайда, өрт қауіпсіздігі ережелерін және еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып оны қайта орап салу жүргізіледі.

Дегазациялау, залалсыздандыру заттарының және ерітінділердің сапасын анықтау үшін сыйымдылық ыдыстары (бөшкелер, барабандар және жәшіктер) ашылады және сынамалар алынады.

Сынамаларды іріктеу технологиялық карталарға (нұсқауларға) қатаң сәйкестікте арнайы жабдықталған учаскеде (сақтау алаңдарының сыртында) жүргізіледі.

Газсыздандыратын заттардың сынамаларын іріктеу салмағы бойынша сынама алынған сұйықтықтың мөлшері көрсетілген есепте құжатталады. Зертханаға талдауға (сынауға) беру жүкқұжат бойынша жүзеге асырылады.

Дегазациялаушы заттарды, құрамдарды, ерітінділер мен еріткіштерді сақтау кезінде :

1) ыдыстардың герметизациясын және пломбалардың бүтіндігін, сондай-ақ ыдыстардағы мөрлерді бұзуға (әсіресе дихлорэтанмен) жол берілмейді, олар коррозиядан қорғалуы тиіс.

2) коррозиялық белсенді дегазациялаушы заттарды басқа өнімдермен бірге сақтауға жол берілмейді.

347. Қосалқы құралдар мен керек-жарақтарды жөндеу үстелдері, жәшіктер, топтық және жөндеу жиынтықтары. Жөндеу үстелдері, қораптар, қосалқы құралдар мен керек-жарақтар топтық және жөндеу жиынтықтары жылытылатын қоймаларда сақталатын РХБ барлау құрылғыларына арналған жинақтарды қоспағанда, жылытылмайтын қоймаларда сақталады. Жөндеу құралдары мен жиынтықтары зауыттық қаптамада штабельдерде сақталады.

Қабылдау және сақтау кезінде жөндеу жабдықтары мен қосалқы құралдар және керек-жарақтардың жиынтықтарын тексеру көлемі мен кезеңділігі осы Нұсқаулықтың 32 қосымшасында келтірілген. Қабылдау кезінде және жөнелту алдында барлық қаптамалар тексеріледі.

Өнімдерді тексеру кезінде резеңке өнімдердің бөлшектерінің толықтығы, жай-күйі (серпімділіктің өзгеруі, жарылуы, түсінің өзгеруі), боялмаған металл беттерінде консервацияланған жағармайдың болуы мен жай-күйі, коррозиясы мен биозақымының бар-жоқтығы, сондай-ақ құрамдарының жарамдылық мерзімі тексеріледі. Формулярларда (төлқұжаттарда) құрылғыларды бақылап-тексерудің жазбаларының болуы тексеріледі.

348. Химиялық ток көздері – қышқылдық және сілтілі аккумуляторлар, РХБ барлау құрылғыларының қоректену көздері.

Құрғақ қуатталған қышқылдық батареялар және қуат көздері үшін РХБ барлау құрылғылары жылытылмаған қоймаларда сақталады.

Ауа температурасы минус 30°C және одан төмен болатын суық климаты бар аймақтарда құрғақ қуатталған батареялар жылытылатын бөлмелерде сақталады.

Жұмыс қалпына келтірілген қышқылдық және сілтілі батареялар жылытылатын бөлмелерде сақталады.

Қайта қуатталатын аккумуляторларды сақтау, оларға техникалық қызмет көрсету, сапасын бақылау, жаңарту, жұмыс қалпына келтіру және техникалық қызмет көрсету бойынша басқа да жұмыстар қышқылдық және сілтілі аккумуляторлар кіретін үлгілерге арналған пайдалану құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылады.

РХБ барлау құрылғыларының көздері жылытылмайтын қоймаларда зауыттық қаптамада сақтау мерзімінің түрлері бойынша бөлек сақталады. Қуат көздерінің шығыс сымдары оқшаулағыш таспамен қорғалады.

Сыртқы түрі мен пішінінің өзгеруі, қабықтағы дымқыл дақтар мен тұз шөгінділерінің пайда болуы және қуат көздері ағып кеткен электролиттері мен корпусының шытынауы сияқты ақаулары бар құрылғылар есептен шығаруға жатады.

Сақтау мерзімі өтіп кеткен, сыртқы ақаулары жоқ қуат көздері оның жарамдылығына сынауға жатады, оның нәтижесі бойынша оларды одан әрі сақтау немесе ауыстыру туралы шешім қабылданады.

349. Резеңкелі өнімдер жылытылмайтын қоймаларда сақталады. Арнайы көліктердің шлангілері стеллаждарда, сөрелерде немесе едендерде топтамамен жабылған күйде сақталады. Резеңкелі су ыдыстары қапталған күйінде немесе сөрелерде, болмаса төсемдерде сақталады. Тексерулер мен сынақтардың көлемі, кезеңділігі осы Нұсқаулықтың 32 қосымшасында келтірілген.

Қабылдау және жөнелту кезінде өнімдерді тексеру, оның барысында сыртқы резеңкелі қабатының жай-күйі, резеңке және мата қабаттарының тесілген жерлері, көгерген жерлері, ақауының бар-жоғы (жеңнің ұшынан), сыртқы резеңкелі қабаттағы

терең жарықтар (мата қабатына жету) тексеріледі. Резеңкелі ыдыстарда тесілген жерлер, жыртылған жерлер, қабаттар мен жарықтар болмайды.

Гидравликалық сынақ кезінде жеңдер 10 минут уақыт қысымға төтеп береді:

1) диаметрі 25-75 мм - 8 кгс/см², диаметрі резеңке-металды шлангілер 10-12мм – 12 кгс/см²;

2) резеңкелі-маталық жеңдер - 10 кгс/см².

Жеңдерде қысым жасау үшін қолмен гидравликалық қол насосы қолданылады. Гидравликалық сынақтар кезінде жеңдерде тамшылар мен шық түріндегі сұйықтықтың ісінуіне және шығуына жол берілмейді.

Резеңкелі-техникалық бұйымдарды сақтауға дайындау кезінде:

1) шаңнан және ластанудан тазарту, қарап-тексеру жүргізіледі;

2) көгерген жерлері дезинфекцияланады, содан кейін тальк ұнтағымен өңделеді;

3) жеңдердің шеткі арматурасы консервацияланған маймен майланады, тығындардың астына тығыздағыш төсемі қойылады, шеткі арматурасы су өткізбейтін қағазбен (немесе басқа орауыш материалмен) оралады және жіппен байланады.

350. Сақтауға түскен тенттер мен брезенттер таза, ескіру, шіру және көгеру белгілері, сондай-ақ механикалық зақымданулары (жыртылулар, қажалулар) жоқ. Тазалаудан кейін көгерген жерлері жылы сабынды сумен жуылады, дезинфекцияланады және кептіріледі.

Екі жыл пайдаланғаннан кейін немесе ашық алаңдарда сақтағаннан кейін сақтауға қабылданбаған, сондай-ақ су өткізбейтін қасиеттерін жоғалтқан немесе шіріткіш микроорганизмдермен зақымдану белгілері бар тенттер мен брезенттер (көліктерде, штабельдерде) химиялық құраммен сіндіріледі. Тенттер мен брезенттер екі ярусты стеллаждардың сөрелерінде қаптамада немесе буып-түю бумаларында сақталады.

Тенттер мен брезенттерді қоймадан беру (шығару) кезінде анықталған ақауларды жоюмен әрбір өнімнің сыртқы тексерісі жүргізіледі. Резеңкелі матадан жасалған сөмкелер теріге арналған жеке қорғаныс құралдарына ұқсас сақталады.

351. Бос ыдыстар (металл бөшкелер мен ағаш жәшіктер) қалқалардың астында немесе ашық алаңдарда сақталады. Ыдыстарды қабылдау кезіндегі бақылау тексеріп-қарау арқылы жүргізіледі, сол уақытта мыналар тексеріледі:

1) металл бөшкелерде - қақпақтардың, тығындар мен тығыздағыш төсеніштердің болуы, ойықтар, ісінулер, саңылаулар, дәнекерленген тігістердегі жарықтардың, коррозияның бар-жоғы және бояудың жай-күйі тексеріледі;

2) ағаш жәшіктерде - қораптардың ағаш элементтеріндегі тақтайшалардың, қалыптардың және саңылауларының зақымдануы, металл топсалар мен төсемдердегі коррозиясының бар-жоқтығы тексеріледі.

Сақтауға дайындау кезінде бөшкелер өнім қалдықтарынан босатылады, залалсыздандырылады, шөгінділерден және коррозиядан тазартылады, жуылады және кептіріледі. Бөшкелердің сыртқы беттері толығымен боялады немесе толығымен

боялған, мойындардың, қақпақтардың және қақпақтардың ішкі беттері мен жіптері консервацияланған маймен майланады.

Металл бөшекелер штабельдерде үш немесе төрт қатар биіктігінде, қатарлар арасында тығыздағыш төсеніштерге жиналып сақталады. Қатардағы ең шеткі бөшекелер кептелген. Ағаш жәшіктер штабельдерде жинақталған күйде алты қатарға дейінгі биіктікте сақталады. Ашық алаңдарда сақтау кезінде жәшіктер брезентпен жабылады. Жылына бір рет ыдыстар сыртқы тексеруден өткізіліп, қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

9 - параграф. РХБ қорғаныс құралдарын сақтаудан шығару және мақсатты пайдалануға (қолдануға) дайындау

352. Сақтауда тұрған РХБ қорғаныс құралдарын пайдаланудың ұдайы әзірлігі оларды сақтауға дайындау, техникалық жағдайын жүйелі бақылау, уақтылы техникалық қызмет көрсету, сақтау кезінде сынау және жаңарту, қысқа мерзімде сақтаудан шығару және РХБ қорғаныс құралдарын мақсаты бойынша пайдалануға (немесе қолдануға) дайындау, сондай-ақ оларды сақтауға дайындау бойынша жұмыстың жоғары сапасымен, сақтау кезіндегі сынау және жаңартуды қамтамасыз ететін іс-шараларды орындау арқылы жүзеге асырылады.

253. РХБ қорғаныс құралдарын пайдалуға (қолдануға) әзірлікке келтіру кезінде оның сапасы мен жұмысты уақтылы атқаруы жеке құрамның даярлығы мен жұмыс орындарын ұйымдастыруына байланысты. Осы мақсатта консервациялаудан алу жұмыстарын жүргізуге арналған жеке құраммен пайдалануды, жұмыс орындарын ұйымдастыруды, материалдық қамтамасыз етуді, қауіпсіздік шараларын және басқа да мәселелерді тәжірибе жүзінде тексеру арқылы жұмыстарды орындаудың технологиялық үдерісі зерделенеді.

354. РХБ қорғаныс құралдарын сақтаудан шығару әскери бөлімнің бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Сақтаудан шығару туралы формулярда (төлқұжатта) жазба жазылады.

355. Арнайы көліктер жауынгерлік даярлықты қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімді сақтаудан шығарылады және басшылық құжаттамаларға сәйкес белгіленген жылдық нормалар шегінде қолданылады.

356. Арнайы көліктерді сақтаудан шығару бөліністер командирлерінің және автомобильдік қызметінің лауазымды тұлғаларының лауазымды тұлғалараның жетекшілігімен экипаждарды (есептоптарды) тарта отырып, оларға бекітілген жүргізушілермен жүргізіледі.

357. РХБ қорғаныс көліктерінің қозғалысын қолдануға оңтайландыру және әзірлікке келтіру арқылы сақтаудан шығарудың технологиялық үдерісі автомобильдік қызметінің басшылық құжаттарында келтірілген.

358. Арнайы көліктерді шектеулі уақыт жағдайында сақтаудан шығару басқару органының жоспарларында көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ететін дәйектілікпен жүзеге асырылады.

Жұмыс екі кезекте жүзеге асырылады.

Ең алдымен сақтау орындарында әскери бөлімдермен бөліністер шоғырланған аумаққа арнайы көліктердің кіруі және олардың апатсыз пайдалану жұмыстары қамтамасыз етіледі:

- 1) қорғаныс тыстарын шешу, есіктер мен люктердің пломбаларын алу;
- 2) агрегаттарды (қозғалтқыш, сұйық отын бактары, трансмиссия, жүрісті бөлігі) герметизациядан шығару;
- 3) аккумуляторлық батареяларды пайдалануға дайындау және орнату;
- 4) жанар-жағармаймен және салқындату сұйықтығымен толтыру (салқындату жүйесі бос автомобильдерге, суық мезгілде сұйықтық 80-90°C дейін қыздырылған күйде жеткізіледі);
- 5) қозғалтқышты іске қосу және оның әртүрлі режимдерде жұмысын тексеру, бақылау-өлшеу аспаптары мен дабылдама жүйелерін тексеру;
- 6) шиналардағы ауа қысымын тексеру және оны нормаға (қажет болған жағдайда) дейін жеткізу;
- 7) әйнек тазалағыш щеткілерін орнату және оның жұмысын тексеру, артқы көру айналарын орнату, тежегіштердің және рөлдік басқарудың жұмысқа жарамдылығын тексеру;
- 8) РХБ барлау көліктерін РХБ барлау аспаптарымен, ал арнайы өңдеу көліктерін резеңкелі матамен және резеңкелі-металды жеңдермен (жеке сақталған кезде) жабдықтау.

359. Шоғырландыру (жиын) аумағында немесе демалыс аялдамаларында екінші кезектегі жұмыстар (қайта іске қосу және арнайы техниканы пайдалануға дайындау) жүргізіледі, соның ішінде:

- 1) көліктерді сұйық отындармен толықтыру;
- 2) қорғаныс брезентін төсеу және бекіту;
- 3) кабинаның еденіне төсеніш төсеу;
- 4) қосалқы бөлшектері, керек-жарақтары мен аспаптары бар жәшіктердің пломбаларын шешу;
- 5) құралдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді және боялмаған тыстарын консервациялық майдан тазарту, қосалқы бөлшектері мен аспаптарды орнына жинап қою;
- 6) агрегаттар мен аспаптарды герметизациялық тыстары мен қаптау қағаздарынан тазарту;
- 7) агрегаттар мен жүйелердегі және арнайы өңдеу аспаптарындағы май деңгейін мен арнайы сұйықтықтарды тексеру, қажет жағдайда оны нормаға дейін жеткізу;

- 8) барлық арнайы құрылғылардың жиынтықта болуын тексеру;
- 9) арнайы құрылғыны іске қосу арқылы жұмысын тексеру және консервациялаудан шығару;
- 10) көліктерді арнайы қоспалармен, ерітінділермен және құрамалармен толтыру;
- 11) қажетті индикаторлы құралдарының қорын құру.

Консервациядан шығарылмаған құрылығыны пайдалану оның істен шығуына әкелуі мүмкін.

360. Сақтаудан шығарылған кезде РХБ қорғаныс құралдарын пайдалануға (қолдануға) дайындаудың тәртібі мен іс-шаралары РХБ қорғаныс құралдарының түріне, оның конструкциялық ерекшеліктеріне, консервациялау әдістеріне және қаптамасына байланысты болады.

361. Тыныс алу мүшелерін, көзді, теріні жеке қорғану құралдарын пайдалануға дайындаудың бірінші кезектегі шаралары:

- 1) пломбасын шешу және жәшікті ашу;
- 2) қаптау парағына сәйкес жәшікте жатқан өнімдер санының сәйкестігін тексеру;
- 3) өнімдердің сыртқы түрін, сүзгіш-сіңіру элементтері мен респираторлар қаптамасының жай-күйін, газ тұмылдырықтарын оқшаулауға арналған құралдар мен қосалқы бөлшектердің болуын тексеру.

Одан әрі іс-шаралар жеке қорғаныс құралдарын пайдалану туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

362. Ұжымдық қорғаныс құралдарын пайдалануға әзірлікке келтіру кезінде мыналар жүргізіледі:

- 1) ыдыстар жәшіктерінің помбаларын шешу және ашу;
- 2) өнімді қаптамадан шығару және босату;
- 3) жиынтықтығын тексеру;
- 4) сіңіргіш сүзгілердің жай-күйін сыртқы тексеру арқылы алдын ала сүзгілер (егер шихтаның төгілуі және корпустардағы саңылаулар болса, өнімді пайдалануға жол берілмейді), резеңкеден және резеңкеленген маталардан жасалған бөлшектер, электр кабельдері, регенеративті заттардың орамының тұтастығы мен герметикалығы тексеріледі;
- 5) агрегаттардың ішкі беттерінен және сыртқы боялмаған беттерінен консервациялық майды кетіру;
- 6) пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес өнімді жинақтау.

363. РХБ барлау, дозиметриялық және газ бақылау аспаптары мен жинақтарын, далалық химиялық зертханаларды пайдалануға дайындау кезінде мыналар жүргізіледі:

- 1) сыртқы тексеру арқылы қаптаманың бүтіндігін, көрінетін зақымдар мен ақаулардың жоқтығын тексеру;
- 2) полиэтилен пленкасынан жасалған қақпақтарды жабудың үстіңгі жиегін кесу арқылы ашу ("жабық" әдісімен консервациялау кезінде);

3) қаптамадан құрылғыларды алу, боялмаған металл беттерінен консервациялық майды кетіру;

4) блоктар мен тораптардың, аспаптар корпустарының жай-күйін, шынының бүтіндігін, бақылау-өлшеу аспаптарының жебелерінің орналасуын, басқару түймелерінің күйін, нығыздау элементтерінің, тығындық қосқыштардың жай-күйін сыртқы тексеру;

5) аспаптардың жиынтықтығын тексеру;

6) химиялық барлау және бақылау құралдарының индикаторлық түтіктерінің, индикаторлық пленкалардың, индикаторлық құралдардың жиынтықтарының, реактивтер жинақтарының кепілдік берілген сақтау мерзімдері мен жарамдылық мерзімі үшін және жарамдылық мерзімі қысқа, реактив жабынының герметикалығы, таңбалау сапасы (кепілдік мерзімі өткен кезде бұл өнімдер пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес тексеріледі немесе ауыстырылады) ерітінділерге ерекше назар аударылады.

7) құрылғыларды пайдалануға әзірлікке келтіру және оларды қуат көздерімен жабдықтау немесе көлікке орнату;

8) құрылғылардың жұмыс қабілеттілігін тексеру және пайдалану құжаттамасына сәйкес регламенттелетін жүйесінің сипатын тексеру.

364. Радиоактивті көздерді сақтаудан шығару кезінде ыдыстарға сыртқы тексеру жүргізіледі, құжаттаманың болуы тексеріледі, толтырылады (радиоактивті көздердің сапасын бақылау күніне ерекше назар аударылады), әсер ету мөлшерінің нормасы, радиоактивті көздері бар ыдыстардан (қондырғыдан) контейнердің ластануын тексере отырып, жер үсті контейнерінен 1 м қашықтықта өлшенеді.

365. Аэрозольді қарсы шараларды қолдануға дайындық кезінде ыдыстардың (жәшіктердің) пломбалары шешіледі және ашылады, түтіндегіш шашкалары мен түтіндегіш қол гранаталары қарап тексеріледі.

Түтіндегіш шашкаларын тексеру кезінде корпустың, қақпақтың жұмысқа жарамдылығы мен герметикалығы, диафрагмадағы фольганың зақымдануының жоқтығы, соққы механизмдерінің жағдайы және электр тұтандырғыш сымдарының дұрыс орнатылуы тексеріледі.

Түтіндегіш қол гранаталарын тексеру кезінде ылғалдың болмауы, сондай-ақ дененің және жабынның механикалық зақымдануының бар-жоқтығы тексеріледі.

366. Арнайы өңдеуге арналған аспаптар мен жиынтықтарды пайдалануға әзірлікке келтіру кезінде келесі жұмыстар орындалады:

1) жәшіктің пломбасы шешіледі және ашылады;

2) қаптау парағына (ведомостке) сәйкес түгелдігі мен жиынтықтығы тексеріледі;

3) бөлшектер мен құрастыру тораптарының, резеңке түтіктердің жай-күйі, крандар мен арматуралардың жұмысқа жарамдылығы қарау арқылы тексеріледі;

4) бөлшектердің, құрастыру тораптарының, жинақтар мен құрылғылардың қосалқы құралдарының боялмаған беттерінен консервациялық майды алып тастау (боялған беттерді еріткішпен жууға болмайды), жеңдерінің шеткі арматурасынан қаптама қағазды және консервациялық майы кетіріледі;

5) жиынтықтар мен аспаптарды пайдалану тиімділігін төмендететін кемшіліктер жойылады (жарықтары бар жеңдерді одан әрі пайдалануға жарамдылығы гидравликалық сынақтардың нәтижелері бойынша анықталады).

367. Дегазациялау, залалсыздандыру заттарды қоймадан шығару кезінде және рецептілер, ыдыстың (ораудың) тығыздығы және жарамдылық мерзімі құжаттамадағы жазбалар бойынша тексеріледі. Газсыздандыру, залалсыздандыру заттары мен рецептураларының сапасы келесі кезеңдік сынаққа дейін үш айдан аз уақыт қалған жағдайда тексеріледі.

368. Жөндеу үстелдерін, жәшіктерді, топтық және жөндеудің қосалқы құралдарын пайдалануға дайындау кезінде келесі жұмыстар орындалады:

1) пломбалары шешіледі және үстелдер, жәшіктер мен жиынтықтар ашылады;

2) жиынтықтығы тексеріледі;

3) бөлшектер мен құрастыру тораптарының жұмысқа жарамдылығы, резеңке өнімдер бөлшектерінің жай-күйі, өнімдердің жарамдылық мерзімі қарау арқылы тексеріледі;

4) металды боялмаған беттерінен қаптау қағазы және консервациялық майлары кетіріледі;

5) қажет болған жағдайда құрамдас бөліктері ауыстырылады, белгіленген сақтау мерзімдері және бақылау-өлшеу құралдары тексеріледі.

369. Химиялық қуат көздерін пайдалануға дайындау кезінде алдымен оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігі анықталады. Сыртқы түрін өзгерту сияқты ақаулары бар өнімдер және олардың пішіні, электролиттің ағып кетуіне байланысты қабықшада дымқыл дақтардың және тұз шөгінділерінің бар-жоғы, корпусстың жарылуы, сыйымдылығы 40% төмен батареялар номиналды, әрі қарай пайдалану үшін жарамсыз болып табылады.

Гальваникалық элементтері мен батареялардың жарамсыздығының белгілері болып мыналар табылады:

1) ақаусыз құрылғыда жұмыс кернеуін орнату мүмкін емес болған жағдайда;

2) электролиттің ағуынан элементтің (батареяның) бетінде дымқыл дақтардың және тұз шөгінділерінің пайда болуы;

3) ток өткізетін сымдардың үзілуі немесе олардағы оқшаулаудың жөндеуге келмейтіндей зақымдалуы;

4) элемент (батарея) бетінің оқшаулағыш жабынының елеулі түрде зақымдалуы.

370. Аккумуляторлық батареяларды мақсатына сай пайдалануға дайын болу қалыпты немесе жеделдетілген зарядпен жүзеге асырылады.

371. Резеңке-маталы және резеңкелі-металды жеңдерін пайдалануға әзірлікке келтіру кезінде келесі жұмыстар орындалады:

- 1) түпкі арматурадан қаптау материалы мен консервациялық майы шығарылады;
- 2) тығындар түпкі арматурадан шығарылады және герметикалық тығыздағыштар жойылады;
- 3) сыртқы резеңке қабатының жай-күйі, тесілген және көгерген жерлерінің, қыртыстануы мен жарықтарының бар-жоғы (жарықтары бар жеңдерді одан әрі пайдалануға жарамдылығы гидравликалық сынақтардың нәтижелері бойынша анықталады) қарау арқылы тексеріледі.

372. Резеңке сыйымдылық ыдыстарын, тенттерді, брезенттерді, қаптарды, мақсаты бойынша пайдалану алдында әрбір өнім тексеріліп, анықталған ақаулар жойылады. Резеңкелі сыйымдылық ыдыстары жиынтықты түрінде жеткізілген кезде онда құрамдас бөліктерінің болуы жеткізу парағына сәйкес тексеріледі.

373. Әскери бөлімнің РХБ қорғаныс құралдары қоймасынан РХБ қорғаныс құралдарын беру осы Нұсқаулықтың 3 қосымшасына сәйкес жүкқұжаттары бойынша жүргізіледі, олар әскери бөлімнің қаржы қызметімен үш данада шығарылып РХБ қорғаныс құралдарын алушы тұлғаға қол қоюы арқылы беріледі және ары қарай:

бірінші данасы – бөліністер командирлерінде (старшиналарда) немесе РХБ қорғаныс құралдарын алған әскери қызметшіде;

екінші данасы – РХБ қорғаныс құралдары қоймасының бастығында;

үшінші данасы РХБ қорғаныс қызметінде сақталады.

Офицерлер мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге РХБ қорғаныс құралдарын алуға жүкқұжаттарды беруге әскери қызметшінің бөлім командирінің атына жазылған баянаты, оған қол қойылғаннан кейін әскери қызметшінің әскери бөлімнің жеке құрамының тізіміне енгізілгендігі туралы бұйрық негіз болып табылады.

374. Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер мен келісімшарт бойынша бойынша әскери қызметшілер үшін қоймадан РХБ қорғаныс құралдарын бөліністер командирлері (бөліністер старшиналары) алады және осы Нұсқаулыққа сәйкес белгіленген тәртіпте оларға бекітеді.

Офицерлер мен келісімшарт әскери қызметшілері РХБ қорғаныс құралдарын қоймадан жеке өздері алады. Алынған РХБ қорғаныс құралдарына жүкқұжатының бір данасын сол күні қойма бастығы әскери бөлімнің РХБ қызметіне өткізеді.

375. Әскери қызметші жаңа әскери қызмет орнына ауысып кеткен немесе әскери қызметтен босатылған кезде РХБ қорғаныс құралдары қоймаға өткізіледі.

376. Бөліністерде осы Нұсқаулықтың 11 қосымшасына сәйкес РХБ қорғаныс құралдарын жеке құрамға бекіту кітабына әскери қызметшінің жеке қолтаңбамен арқылы РХБ қорғаныс құралдары бекітіледі.

Әскери қызметші әскери бөлімнің жеке құрамының тізімінен шығарылған кезде, оған бекітілген РХБ қорғаныс құралдары есептен шығарылады және бекіту кітабына қайтарып алу (тапсыру) туралы белгісі қойылады.

377. Әскери бөлімнің қоймасына РХБ қорғаныс құралдарын өткізу әскери қызметші жаңа қызмет орнына ауысып кеткенде немесе запасқа босатылғанда әскери бөлімнің қаржы қызметімен үш данада берілетін жүкқұжаты бойынша жүргізіледі. Жүкқұжаттар РХБ қорғаныс құралдарын өткізуші тұлғаға қол қоюы арқылы беріледі және ары қарай сақталады:

бірінші данасы – бөліністер командирлерінде (старшиналарда) немесе РХБ қорғаныс құралдарын алған әскери қызметшіде;

екінші данасы – РХБ қорғаныс құралдары қоймасының бастығында;

үшінші данасы РХБ қорғаныс қызметінде сақталады.

РХБ қорғаныс құралдарын тапсыруға жүкқұжаттарды беруге бөліністер командирлерінің өтінімдері негіз болып табылады.

378. Жеке құраммен РХБ қорғаныс құралдарын тапсыруды әрбір әскери қызметші өзінің тікелей командирінің (бастықтың) қатысуымен бөліністер бойынша кезекшіге (бөліністер старшиналарына) сәйкесті кітаптарға қол қоюы арқылы жүргізіледі. РХБ қорғаныс құралдарын тапсырудың алдында оларға қызмет көрсетіледі.

379. Қарулар бөліністерде сақталған кезде газ тұмылдырықтары қаруды сақтауға арналған пирамидаларда сақталады. Пирамидада сақталатын газ тұмылдырықтарының атауы мен саны пирамиданың тізімдемесіне енгізіледі. Газ тұмылдырығының нөмірі пирамиданың әрбір ұясына жапсырылған жапсырмада көрсетіледі. Газтұмылдырығы бар сөмке ұяшыққа газ тұмылдырығы қорабы бөлігі сыртқа қаратып орнатылады. Беру қару-жарақ беру кітабы бойынша бөлімше командирінің жазбаша рұқсатымен жүргізіледі.

380. Егер де штат бойынша бөліністерде қару қарастырылмаған болса немесе сақтау әскери бөлімнің қоймасында ұйымдастырылған болса, онда газ тұмылдырықтары әскери қызметшілерінің жеке мүліктерін сақтау бөлмесінде сақталады және оларды беру бөліністер командирлерінің жазбаша рұқсаты арқылы жеке қорғаныс құралдарын беру кітабы бойынша жүргізіледі.

381. Бөліністердегі оқшаулағыш газ тұмылдырықтары арнайы бөлінген орындарда тыныс алу қалтасына немесе тыныс алу қалтасына қосылған регенеративті патронмен жинақталған металл жәшіктерде және алдыңғы бөлікке қосылатын түтікте сақталады. Бірінші жағдайда патронның жоғарғы мойыны тығынмен жабылады, ал екіншісінде байланыстырушы құбыр тығынмен тығыз жабылады.

Регенеративті патрондар мен іске қосу брикеттерін жылытылатын пештің жанында, құбырлар мен радиаторлардың жанында, күн сәулесінде немесе тез тұтанатын заттармен бірге сақтауға болмайды. Оларды сақтау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау керек. Регенеративті патрондар мен іске қосу брикеттерін құрғақ жерде

сақтау керек және ешбір жағдайда оларға су, май немесе басқа органикалық сұйықтықтар түспеуі керек.

382. Бөліністердегі теріні қорғайтын жеке қорғаныс құралдары казармалар жайларында орнатылған киім-кешек сөмкесінде немесе арнайы шкафта (стеллаждарда) сақталады. Қызмет көрсетілмеген жеке қорғаныс құралдарын сақтауға жол берілмейді.

383. Бөліністерге берілген РХБ барлау және дозиметрлік бақылау аспаптары шығарылады құлыпталатын жабық шкафтарда сақталады. Арнайы өңдеу аспаптары бекітілген көлікте сақталады.

384. Штабтың және бөлім басқармасы қызметтерінің офицерлері мен келісімшарт әскери қызметшілерінің сәулелену мөлшерін өлшейтін аспаптар бөлім бойынша кезекшінің қару сақтауға арналған бөлмесіндегі металды сейфте (шкафта) сақталады. Әскери бөлімді жауынгерлік әзірліктің жоғары деңгейіне келтіру кезінде осы Нұсқаулықтың 35 қосымшасына сәйкес кітап бойынша сәулелену мөлшерін өлшегіштер беріледі.

385. Егер өндіруші зауытпен қарастырылмаса, онда жеке қорғаныс құралдарына 3x5 см өлшемді таңбалау биркасы бекітіледі.

1) осы Нұсқаулықтың 36 қосымшасына сәйкес газ тұмылдырығы бекітілген сөмкенің сол жағына газ тұмылдырықтың (сүзгі қорабы) нөмірі және әскери қызметшінің аты-жөні жазылады;

2) осы Нұсқаулықтың 36 қосымшасына сәйкес теріні қорғау құралдарының тысында әскери қызметшінің аты-жөні жазылады.

386. Аспаптарға 3x5 см өлшемді таңбалы биркасы тігіледі және оған аспап бекітілген әскери қызметшінің аты-жөні мен аспаптың нөмірі жазылады.

387. Бөліністерде шығаруға әзірлікте ұсталатын көлік тобының автомобильдерін қоспағанда, арнайы көліктерде арнайы өңдеу жиынтықтарын сақтауға болады. Қораптың (сөмкенің) сыртына 3x5 см өлшемді таңбалы биркасы ілінеді, оған жиынтық берілген көліктің нөмірі жазылады.

388. Арнайы көлік заттарсыз және құрамынсыз сақталады. Олар міндеттерді орындаудың алдында жарақталады.

389. Арнайы көліктерді жабдықтауға арналған индикаторлық құралдар, пиропатрондар, қуаттау элементтері, химиялық дабыл сигналдары, түтіндегіш гранаталары штаттық қапта көліктің ішінде ұсталады.

Әскери бөлімді қамтамасыз ету үшін алынған барлық техника арнайы өңдеу жиынтықтарымен қамтамасыз етіледі.

10 - параграф. Сақтау қоймасында жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу

390. Күзетілетін объектіні ашу туралы нарядты қызмет бастығының өтінімі негізінде күн сайын әскери бөлімнің штаб бастығы жасайды және оны әскери бөлім

командирі бекітеді. Наряд екі данада жасалады және қарауыл бастығы мен әскери бөлім бойынша кезекшіде болады.

Күзетілетін объектіні ашу жөніндегі жұмыс тәртібіне әскери бөлім командирінің жұмыстың басталу және аяқталу уақыты көрсетілген бұйрығы негізінде қоймада (сақтау орнында) жұмыстарды орындауға тартылған жеке құрам кіреді.

391. Нарядқа қосылмаған және әскери бөлім бойынша бұйрықпен тағайындалмаған, сонымен қатар тағайындалған, бірақ сол уақытта өздерінің қызметтік міндеттерін орындамайтын тұлғаларды (демалыстардағы немесе қандай да бір басқа себептер бойынша ресми түрде бөлімде жоқ) қоймалардың аумағына кіргізуге жол берілмейді.

Қоймалардағы (сақтау орындарындағы) жұмыс сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, ал сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүргізіледі. Жексенбі және мереке күндері қоймаларда (сақтау орындарында) жоғарыда тұрған қолбасшылықтың жазбаша бұйрығынсыз (өкімінсіз) жұмыс істеуге жол берілмейді.

392. Қоймадағы жұмысты бастамас бұрын бұл тұлғаларға қауіпсіздік шараларын жеткізу нұсқаулығы журналында қол қою арқылы нұсқаулық жүргізіледі.

Қоймаға (сақтау орнына) баратын барлық тұлғалар келу мақсаты мен уақыты көрсетіле отырып, қоймада жұмыс істеу және бару кітабына тіркеледі.

393. Қойма үй-жайларындағы жұмыстар РХБ қорғаныс қызметі бастығының нұсқауы бойынша қойма бастығының қатысуымен және оның тұрақты бақылауымен жүргізіледі. Жұмыс орындарында жеке құрамды қараусыз қалдыруға жол берілмейді.

394. Қойма бастығының жұмыс орнында келесі жабдықтар болуы тиіс:

1) есептік құжаттарды сақтауға арналған құлыпталатын тартпасы бар орындық және тумбочка (үстел);

2) көлемі 130x150 см қойма бастығының құжаттары бар стенд;

3) күн сайын толтырылатын және нақтыланатын өрт сөндіру есептобы;

4) жабдықты сақтауға арналған пирамида (шкаф);

5) Штабельдердің жоғарғы қатарларындағы жәшіктерді жинақтау мен алуға арналған алаңшасы бар көшірмелі баспалдақ;

6) температура мен ылғалдылықты өлшеуге арналған аспаптар;

7) қораптағы жұмыс құралдары мен материалдарының жиынтығы (бұрауыш, шеге тартқыш, балға, тістеуік, темір ара, шегелер, бұрандалар және пломбалар, мырышталған сым немесе таспа);

8) өрт сөндіру құралдары;

9) телефон аппараты, радиостанция;

10) жабық қораптағы (жәшіктегі) қойма бастығының жұмыс мөртаңбасы;

11) алғашқы көмек көрсету қобдишасы.

Орындалмаған нарядтар мен жүкқұжаттар олардың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей тиісті органдарға жіберіледі (қайтарылады).

395. Қойма бастығы бөліністерге (әскери қызметшілерге) РХБ қорғаныс құралдарын беру және алу күні ол туралы РХБ қорғаныс қызметінің бастығына баяндайды.

396. Жұмыс аяқталғаннан кейін қойма қойма бастығымен мөрленеді, одан кейін қарауыл бастығының қатысуымен, мөрленген пеналдағы кілттерді қарауыл бастығының күзетіне бекеттік ведомосіне жазба жазу арқылы қойма бастығы тапсырады.

397. Әскери бөлім қоймалары мен қойма аумағының қосалқы кілттері әскери бөлімнің РХБ қорғаныс қызметі бастығының мөрімен бекітілген пеналда құпия іс жүргізу бөлімшесінде сақталады. Қосалқы кілттер әскери бөлім командирінің жазбаша рұқсатымен ғана беріледі.

398. Қойма бастығы қоймадағы жұмыс күндері күн сайын қойманың сыртқы тексерісін жүргізеді. Тексеру кезінде ол барлық пломбалардың іздерінің жағдайын, қоршау мен жарықтандырудың, құлыптардың, есіктердің, өрт сөндіру құралдарының жай-күйін және өрт қауіпсіздігі шараларын сақталуын, қабырғалардың, терезелердің, торлардың, шатырдың тұтастығын, енуге ықтимал әрекеттерді болдырмайтын жағдайларды тексереді.

399. Ашу кезінде техникалық күзет құралдарының және төбелердің жай-күйі қосымша тексеріледі. Бұзушылықтар анықталған жағдайда қойма бастығы оларды қарауыл бастығына және РХБ қорғаныс қызметінің бастығына баяндайды. Қызмет бастығының рұқсатымен бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылданады.

400. Тексеру нәтижелері осы Нұсқаулықтың 30 қосымшасына сәйкес қойманы (сақтау орнын) тексеру кітабында күнделікті жұмыс күнінің соңында қызмет басшысына ұсыну арқылы көрсетіледі. Қойманы (сақтау орнын) тексеру кітабы су өткізбейтін қаптамада, кіре берістегі сақтау орнынан тыс бекітілген арнайы жабдықталған жәшікте сақталады.

Азаматтық қорғаныстың әскери
бөлімдерінде радиациялық,
химиялық және биологиялық
қорғау құралдарын сақтау және
пайдалану, есепке алуды,
ұйымдастыру бойынша
Нұсқаулыққа
1-қосымша

**РХБ қорғау құралдарының болуы және қозғалысын есепке алу кітабы _____
_____ (әскери бөлімнің атауы)**

Басталды 20__ ж. " __ " _____

Аяқталды 20__ ж. " __ " _____

Мазмұны

		Кітап беті			Кітап беті

1) кітап жасалатын және келіп түсетін құпия емес кіріс және шығыс есептік құжаттарды есепке алу үшін (жүкқұжаттар, актілер жәнет.б.), есепке алу карточкаларын (жай-күйін), сондай-ақ оларды бергеннен кейін қайтаруды бақылауға алуға арналған;

2) журналда құжаттарды тіркеу үшін келесі жеке бөлімдер ашылады:

- шот-фактуралар;
- қабылдау актілері;
- РХБ қорғау қаражатын есепке алу карточкалары;
- газқағардың жай-күйін сепке алу карточкалары;
- сәулелену дозаларын есепке алу карточкалары;
- ішкі кіріс-шығыс құжаттары;
- РХБ қорғаудың құралдарын есепке алу кітаптары.

3) ресімделген есепті құжаттарды тіркеудің реттік нөмірі олардың нөмірлері болып табылады.

4) есепке алу құжаттары лауазымды адамдар оларға қол қойғаннан кейін түсуіне қарай қатаң реттілікпен тіркеледі.

Азаматтық қорғаныстың әскери
бөлімдерінде радиациялық,
химиялық және биологиялық
қорғау құралдарын сақтау және
пайдалану, есепке алуды,
ұйымдастыру бойынша
Нұсқаулыққа
3-қосымша

_____ (мемлекеттік мекеменің атауы) бөлімше _____

Бекітемін _____

әскери бөлім командирі

_____ (әскери атағы, қолы, тегі)

20__ ж. " ____ " _____

М.О.

Жүкқұжат

Документ нөмірі	Жасалған күні	Ұйым коды	Операция коды	Қойма	Алушы	Шығында рдың ерекшелігі	Корреспонденттік шот	
				(жөнелтуші)	алушы		жіберуші	шот, қосалқы шот

Негізі (мақсаты) _____

Кімге _____ кім арқылы _____

Талап етті _____ рұқсат етті _____

--	--	--	--	--	--	--	--

Атауы, санаты, сорты , мөлшері, маркасы	Өлшем бірлігі	Номенклатура лық нөмір	Саны		Бағасы	Соммасы
			талап етілді	босатылды		

Барлығы жіберілген _____ атау _____ теңге _____ тиын сомаға
 Жіберуге рұқсат берді _____ Бас бухгалтер _____
 Қабылдады (алды) _____ тапсырды (берді) _____
 20__ ж. " __ " _____

Азаматтық қорғаныстың әскери
 бөлімдерінде радиациялық,
 химиялық және биологиялық
 қорғау құралдарын сақтау және
 пайдалану, есепке алуды,
 ұйымдастыру бойынша
 Нұсқаулыққа
 4-қосымша

20__ жылғы " __ " _____ жағдайы бойынша _____ әскери бөлімнің қоймасындағы (бөлімшеде) РХБ қорғау құралдарының нақты болуы және сапалық жай-күйінің ведомосі

№ р/б	Мүліктің атауы	Есепке алу бірлігі	Құжаттар бойынша тізімделеді (санат бойынша)					Іс жүзінде болды (санат бойынша)					Жетіспейді	Артық	Ескерту	
			3	1	2	3	4	5	1	2	3	4				5

Қолхат

Ведомоста аталған барлық материалдық құралдар тексерілді, менің қатысуыммен ведомоске енгізілді және жауапты сақтауда.

Жауапты сақтауға

қабылданды: _____

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні)

Қойма бастығы (бөлімше командирі)

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні)

Комиссия төрағасы _____

